



● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАСТЕРЛІ ҚАСИЕТ



Қайғыны бөліссең, жеңілдейді

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Қостанайлық жеті жасар Полина Кимге көмек керек. Қаршадай қыз екі жылдан бері қатерлі дертпен күресуде. Оған жілік майын ауыстыру бойынша ота жасау қажет.

Полинаның туған-туыстары неміс клиникасына хабарласқан болатын. Ол жерде ота жасау құны 520 мың еуроға бағаланыпты. Ал Минскідегі клиника 170 мың доллар сұрап отыр. Оңтүстік Кореядағы клиниканың қойған бағасы – 133 мың доллар. Қазіргі уақытта туысқан-

дары кішкентай қыздың өмірін сақтап қалу үшін көпшіліктен көмек сұрауда. Полина Ким туралы хабарландыру жазып автобустар мен аялдамаларға іліп қойды. Әлеуметтік желілерге де ақпараттар орналастырған. Күні кеше МАРТ ойын-сауық орталығының алдында қайырымдылық жәрмеңкесін өткізді. Жәрмеңкеде қолдан жасалған бұйымдар, өртүрлі ойыншықтар сатылды. Полина туралы естіген қала тұрғындары жағдайлары келгенше көмек беруде. Мәселен, қостанайлық Олег Дрыга Полина туралы "Одноклассники" әлеуметтік желісінен оқыған. Сауапты іске үлес қосу үшін өзі жасаған қолөнер бұйымдарын көрмеге әкеліпті.

– Жер бетінде қайырымды адамдар бар. Немеремнің өміріне алаңдап, хабарласып, көмек беріп жатқан жандарға ризамын, – деді Полинаның атасы Вячеслав Ким.

Полина қазір Оңтүстік Корея жерінде. Химиятерапияның екінші курсы 26 ақпанға белгіленіп отыр. Бұл уақытқа дейін 50 мың доллар керек. "Көп түкірсе – көл" демекші, қайырымдылық шарасына сіз де үлес қосыңыз.

СУРЕТТЕ: қайырымдылық акциясынан көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Көктем көп міндет жүктейді

**Нұрболат
МЕШІТБАЕВ**

Көктем мезгілі нағыз қауырт жұмыстың басталар шағы. Бұл ең алдымен өзен-көлдеріміздің арнасынан асып-тасып, қауіпті сел тасқынын болдырмауға дайындық хәм тұқым себу науқаны үшін диқандарымыздың қамқарекеті. Осыған орай облыстық

әкімдікте Нұралы Садуақасовтың басшылығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде әлгінде біз айтқан мәселелер қарастырылып, соған қажетті жағдайлардың бірсыпырасы талқыланды.

Қалыптасып қалған көп жылдық тәжірибеге сүйенсек, биыл өңірдің оңтүстік аймақтарында наурыз айының 22-25 күндері су тасқыны

болатындығын көрсетіп отыр және оның аяғы сәуір айының 21 күндері деп болжамдалып отыр. Ал, солтүстік аудандарымызда сәл көшірек, яғни 2-5 сәуір аралығында басталып, 29-да аяқталатынын ауа райы реңі байқатуда екенін облыс әкімінің орынбасары Базыл Жақыпов баяндап берді.

"Казгидрометтің" өңірдегі фи-

лиалы зерттегеніндей, күзгі жер ылғалының қысқы мезгілге өтуінде бірқалыптылық сақталыпты. Қар түсімінің өңірдегі көрсеткіші бәз-баяғындай емес екен. Қалпыты жағдайдан кем көрінеді.

Сондықтан еш қорқыныштың лебі сезілмейтіндігін жеткізді.

Осы жерде өңір басшысы ауа райының күрт құбылып, сыр

беріп қалуы әбден мүмкін екендігін, сол үшін арқаны кеңге салмау қажеттігін тапсырды. Әрі жіті қимыл таныту қажеттігін де ескертті. Мұны мұқият қаперіне ілген Төтенше жағдайлар жөніндегі департамент басшысы да "Казгидромет" те қаншалықты дайын екендіктерін сөз арасында айтып өтті.

Жастарға жұмыс керек

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

"Нұр Отан" партиясы ҚОФ-ның кезекті қоғамдық қабылдауы жастар саясаты, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау тақырыптарына арналды. Партиялық қабылдауға жазылған азаматтардың дені жұмыссыз жүрген жастар.

Қостанай қаласының тұрғыны Михаил Бойко әріптестерімен бірге балаларға арналған зоологиялық клуб ұйымдастырғысы келетінін айтты. Ол үшін арнайы нысан керек.

— Жастардың дені оқудан тыс уақытта бос жүреді. Балалардың баратын жері жоқ. Мінекей, сондықтан зоологиялық клуб ашуды қалаймыз. Жан-жануарлардың көрмесін, цирк студиясын ұйымдастырып, өлкетану бойынша дәріс бергіміз келеді. Оқушылардың дені С.Баймағамбетовтың кім екенін білмейді. Сондықтан балаларға арналған клуб ашу орынды. Бірақ оған арнайы нысан мен қаражат керек, — деді Михаил Бойко.

Арызданушы азамат зооклубты Баймағамбетов көшесіндегі тұрғын үйдің жертеле қабатында ашқысы келеді. Бос жатқан жертелені бір кәдеге жаратсам деген ойы бар. Алайда, аталған нысанның кімнің меншігінде екенін білмейді. М.Бойконың өтінішін тыңдаған облыстық мәслихаттың депутаты Екатерина Смышляева нысанның иесін анықтауға көмектесетін болды. Ал "Грин" азаматтық альянсы" ҚҚ төрайымы Динара Өтебаева М.Бойкоға қоғамдық бірлестік ашу және тіркеу туралы кеңес бермек.

Қоғамдық қабылдауға жазылған Валентина Петрова үш жылдан бері жұмыссыз жүр екен. Оның заңгер мамандығы бойынша дипломы бар. Жоғары білімді маман кез келген жұмысқа дайынмын деді. Себебі күнкөріс керек.

Партиялық қабылдаудың басқа да қатысушылары жұмыс сұрай келіпті. Бір айта кетерлігі, жұмыссыз жастардың дені заңгер мамандығы бойынша оқу бітірген.

"Ғылым — жастарға"

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында "Ғылым — жастарға" атты жастардың қалалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы болып өтті.

Конференция жұмысына жас ғалымдар, зерттеушілер, институт және колледж оқытушылары мен студенттер қатысты.

Пленарлық мәжілісте институттың ғылыми жұмыстар және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры Г.Мұсабекова, бөлім басшысы С.Шәкенова, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің директоры С.Тасмағанбет, Торғай аграрлық-техникалық колледжінің оқытушысы Н.Мәжитова, институт студенті Н.Мәмедовалардың баяндамалары тыңдалды.

Алқалы жиында институттың педагогика және филология факультетінің деканы, ғалым А.Қалиевтың "Торғай ақындарының антологиясы" кітабының тұсаукесері жасалды. Конференцияға ұсынылған 22 еңбек жинаққа енгізілді.

Сондай-ақ, жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар, инженерлік секциялары жұмыс жасап, соңында барлық қатысушыларға сертификаттар табыс етілді.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: конференциядан көрініс.

Жеңілдетілген тарифпен

**Гүлназым
САҒИТОВА**

Қостанай кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметінің хабарлауынша, ССКӨБ өз өнімін Қытайға енді жеңілдетілген теміржол тарифімен тасымалдайтын болады. Нәтижесінде Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі Қытайға кем дегенде 1920 мың тонна кен шикізатын жеткізеді.

Дағдарысқа қарсы мұндай алдын алу шарасы 2015 жылға арналған отандық кәсіпорындарды қолдау жоспарында қарастырылғанды. ССКӨБ қолдау жоспары аясында атаулы көмек алатын облысымыздағы екі кәсіпорынның бірі болып саналады. Ал, екінші қостанайлық кәсіпорын-"АгромашХолдинг" зауыты көмек ретінде "КазАгроҚаржы"АҚ арқылы мемлекеттік бағдарламаға қатысушыларға 260 комбайн сатуға мүмкіндік алады.

Қысты шығарып салды

**Айтолқын
АЙҚАДАМОВА**

Жексенбі күні қала орталығында "Масленица" халықтық серуені өткізілді.

Арнайы киінген, күлдіргіш сайқымазақтар — масленица мерекесін бірге қарсы алу үшін халықты өздеріне шақырды. Түрлі ойындар мен театрлық қойылымдар қойылды. Ауа райы да қолайлы болғандықтан болар халық көп жиналды. Бұл күн көрермендерге сергектік пен көктемгі көңіл-күй сыйлады.

Дәстүр бойынша, мереке соңында сабан жағылды. Бұл қысты шығарып салу дәстүрі.

● ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ: ОЙ, ПІКІР, ҰСЫНЫС

Бастаманы бірауыздан қолдаймын



Кенжебек УКИН,

Қостанай облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

Қазір жер бетін дағдарыс жайлауда. Көптеген елдердің берекесі кетіп, халқы тыныштығынан айырылуда. Соның бәрін газет-журналдардан оқып, телеарналардан көріп, хабардар болып отырмыз. Өзге шетелдермен салыстырғанда біздегі жағдай тұрақты. Бұл дегеніміз егемен еліміздің бетке алған бағыты дұрыс дегенді білдірсе керек.

Мемлекетіміздің жан-жақты дамып, өзінің халықаралық беделін нығайта түсуі Елбасы саясатының жемісі деп білемін. Өткен күндерге зер салып көрсеніз, Қазақстан қаншама қиын кезеңдерді бастан кешті. Сол кезеңдері мемлекеттік бағдарламалардың арқасында тұралаған тұрмыс түзеліп, экономика серпін алды. Біздің еліміздің ендігі межесі әлемнің дамыған елу елінің алдына шығып, отыздықтың қатарына қосылу болып

отыр. Олай болса, Ұлт Көшбасшысының алға қойған міндеттері жүзеге аса берсін демекпін.

Естеріңізде болса, жаңа жыл қарсаңында Елбасының Жарлығымен еліміздегі барлық ардагерлерге құттықтау хаттары мен сый-сияпат табысталды. Осынау өнегелі іс "Үлкенге құрмет, кішіге ізет" деген ата-бабамыздың тәмсіліне дем беріп тұрғандай. Мемлекет басшысы еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін назарынан тыс қалдырмай, қамқорлық жасап келеді. Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы ұсынысын қолдайтынымды жеткізім келеді. Бұл бастаманы бір ауыздан қолдаймын. Сайлауды кейінге қалдырмай биыл өткізіп, Елбасымыз халықтың сенімін арқалап жұмысын одан әрі жалғастыра берсін демекпін.

Көктем көп міндет жүктейді

1-бет Ал, екінші мәселе тұқым себуге келгенде Нұралы Садуақасов "осы болып қалады-ау" деген кейбір кемшіліктерді күні бұрын ескертіп қойды. Ол — диқандарға жанар жағар майдың жеткіліксіздігі әрі тұқымның сапасы еді. Бұл жайында облыстық ауыл шаруашылық басқармасының басшысы Байбосын Мурзин аталған шаруа жіті бақыланып жатқандығын және үкіметпен келісілген меморандумның біраз көмегі боп қалатындығын әңгімеледі.

Оның баяндауынша, бұл күні

өңіріміз агроөнеркәсіп кешені жұмысын қалыпты жағдайда дамытып отыр. 5 млрд. 942 млн. теңгенің көлемінде ауыл шаруашылығы тауарының ішкі өнімін шығарса, соның ішінде мал шаруашылығы да осыған саяды.

— Жақсы түсінемін. Бізде бұдан әрі де дамытуға біраз жағдай жасалғаны белгілі. Үкіметтің барлық бағдарламаларға берілетін субсидиясы төңірегінде не айтасыз? — деп қалды өңір басшысы Нұралы Садуақасов. Бұл сұраққа Байбосын Мурзин:

— Бұл туралы әсіресе, өсімдік

шаруашылығына қатысты субсидияның ережелерін әлі Ауыл шаруашылық министрлігі бекіткен жоқ. Аталған жоба бойынша минералды тыңайтқыштар мен гербицидтерді алу бойынша былтырғы механизм сақталатын түрі бар, — деп былтырғы субсидияның ауанына көшті.

Негізі былтыр мен биылдың субсидия жобасы ара-кідік өзгеріске түсетіні анық қой. Оған әудем жылдардан басталып, сағыздай созылып, ішектей ширатылған қаржы дағдарысы әсер етері бек мүмкін.

Ежелгі адам генінің құпиясы

**Нұрболат
МЕШІТБАЕВ**

Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы һәм облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жаңа бір жобаны қолға алды. Ол — Еуразиядағы үнді-еуропалықтардың көшіп-қону мәдениетін Қазақстанның қола дәуіріндегі ежелгі тұрғындарының ДНК генетикасын, яғни тегін зерттеу.

Бұған біздің жаққа скандинавиялық бірнеше археолог ғалымдар келіп, өз пікірлерін айтып, ғылыми тәжірибе алмасуда. Халықаралық әріптестікке бағытталған аталған жоба нәтижесі туралы жұмыс тобының жетекшісі, тарихшы ғалым Стурла Еллингваг әңгімелеп берді.

— Қазақстан — ғажап ел. Қонақжайлылығын айтпағанның өзінде, бұл жерде небір тарихи археологиялық тың деректер әлі зерттелмей жатыр. Бізді қызықтыратыны осы. Міне, солармен танысуды бастап та кеттік, — деп генетик-биолог Петер де Баррос Дамгаард та генетика саласындағы жаңалықтарымен ой бөлісіп, жиналғандарды қызықтыра түсті.

Кезінде қазақ поэзиясының классигі Қадыр Мырза-Әлидің "Бұл дүниенің басты жұмбағы — Адам" дегені бар еді. Міне, сол



басты құпия — Адамның тегін зерттеуге келген шетел ғалымдары осы мәселені алға тартты.

Әсілі, ДНК-ны зерттеудің түрткі болады екен. Әсіресе, ядролық ДНК-ны зерттеу өте күрделі екенін генетик ғалым тәптіштеп түсіндірді.

— Ертедегі адамдардың гені мен бүгінгінің генін салыстырмалы зерттеу біздің басты міндет. Ең қиыны, ертедегі адамның гені. Бұған мұқият қарамаса болмайды. Бірнеше медициналық қолғап ауыстырып, сараптама алынады. Мұндайда сақылмас сабыр керек, — деп биолог бізге қалай жұмыс істеу керектігін көрсетті.

Үнді-еуропа халқының атақо-

нысын және олардың Қап тауы (Кавказ), Еуропа және Азия арқылы көшіп-қону жолдарын анықтау — қазіргі ғалымдардың ең ниет еткен ғылыми нысаны. Қазақстандағы қола дәуірінде өмір сүрген адамдардың табиғи болмысы, сынтасты-петров, андронов, бегазы-дәндібай мәдениеттеріне бұл ғалымдар аса назар аударып, әлемдік генинженерияға үлес қоспақ. Осы саланы түпкілікті зерттейтін замануи құрал олар келген Дания елінде екен. Италиядан кейінгі бұл лабораториялық орталық адам құпиясының сырын ашуды көздеп отыр.

СУРЕТТЕ: бір топ шетелдік археологтар.

Бізге керегі – САПАЛЫ ӨНІМ

**Жұматай
КӘКІМЖАНОВ**

Былырғы жылдан бері жер асты байлықтарының айтарлықтай арзандағаны мәлім. Әсіресе, мұнай бағасы құлдырап, әлемді біраз әбiгерге салды. Жаһандық экономиканың мұнайға тәуелді болғаны соншалықты, жұмыр жер бетін жайлаған қаржы дағдарысының ауқымы барель бағасымен есептеліп, салдары да қара алтынның салмағымен салыстырылды.

Мәселенің тек мұнаймен шектелмегені мәлім. Көршілеріміздің мойнына салынған қаржылық қыл бұрау, интеграцияға кіріскен Кеденді одақ жұмысы, басқа да саяси-экономикалық факторлар – қазақ елінің экономикалық қарқынын біраз бәсеңсіткені жасырын емес. Астықтың астанасы аталғанымен, бюджетінің басым бөлігін тау-кен өндірісі құрайтын Қостанай облысының да экономикалық өсім екпіні азайды. Статистикалық мәліметке жүгінер болсақ, 2014 жылы өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индексі 100,2% құрап, 532,5 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда мыс кендерін (10,6%), құрамында алтыны бар кендерін (9,6%) өндіру өсті. Мұның есесіне, мыс қойыртпаларын (41,4%), асбест (12,4%), бокситтер (13,0%), теміркенді шекемтастар (9,7%), теміркенді қойыртпалар (3,1%) өндіру көлемі қысқарды. Үстіміздегі жылдың қаңтар, ақпан айларындағы көрсеткіштеріне көз жүгіртер болсақ, мұнда да, теміркенді қазбалардың азайғанын аңғару қиын емес.

Теміркенді қазба жұмыстарының мардымсыз жүргізілуіне әлемдегі темір рудасының құнын жоғалтуының себеп болғанын айта кеткен жөн. Былырғы жылдың басында көп қолданылатын металлдың тоннасы 136 АҚШ долларынан саудаға салынса, жыл аяғында оның бағасы бірден 70 АҚШ долларына түсті. Ал, биылғы баға – 60 АҚШ доллары шамасында. Әлемдік сарапшылардың пайымдауынша, баға бұдан да төмен құлдырауы ықтимал. Мұның бірнеше себептері бар.

Жұмыр жер бетінде темір кенішін өндірумен 40-тан астам ел айналысады. Көш басында қытайлықтар, одан кейін – Австралия, Бразилия, Индия, Ресей, Украина болып тізбектеле береді. Көлемі жағынан Қазақстан осы тізімнің 12-ші сатысына тұрақтаған.

Қытай елі темір, болат өндіруді 2004 жылдан бері мықтап қолға алған. Қазіргі әлемдік көрсеткішке сүйенер болсақ, жер бетіндегі темірдің теңжартысы күншығыс елінде жасалады. 2008-2010 жылдар аралығында қатты металлға деген сұраныстың жоғарылағаны соншалықты, қытайлықтар біріер жылдың ішінде тұтынушыларға бағаны өздері белгілейтіндей дәрежеге жетті. Нәтижесінде, тоннасы 17 АҚШ долларынан бастау алған темір 6 жылдың ішінде 60 долларға жеткізілді. Ал, 2011 жылдың дәл осы мезгілінде темірдің бағасы 118 долларға табан тіреді. Осы сәттен бастап, қазба жұмыстарын қыздырған компаниялар шикізатты өнімге айналдырудың жолдарын қарастыра бастады. Мысалы, Рудныйда металл өңдеу зауыты бой көтерді. Құрылыс қарқын алған кезеңде негізі қаланған компаниялар ғимараттарға қажетті шикізатты өзірлеуді қолға алған еді. Ішкі қажеттілікті қамтыған кәсіпорын қалған өнімін экспортқа жіберу жағын да ойластырды. Өкінішке орай, кәсіпорын кен байыту комбинатында өндірілетін өнімді толықтай игеруге қауқарсыз. Осыған сай, қазба байлығының басым бөлігі сырт елдерге жөнелтіледі.

Біздің темірімізді тұтынушы Қытай елі әлемдік деңгейдегі төрт компанияға иек артып отыр. Тау-кен саласының жілігін шаққан "Rio Tinto", "BHP Billiton", "Vale" және "Fortescue" компаниялары 2014 жылдың өзінде ғана 200 млн. тоннадан астам өнім алған. Төрттік – 2016 жылы өнім көлемін тағы 180 млн. тоннаға асыруды жоспарлапты. Осылайша, әлемдік сұранысты толықтай қамтымақ ниетте. Мұндай жағдайда, әлемдегі темір бағасы өлі де төмен түседі. Ал, Соколов-Сарыбай іспетті кәсіпорындардың өнімін өздері өндіріп, өздері иге-

руден өзге амалы қалмайтын сыңайлы.

Өткен жылы осы себептерге байланысты "ССКӨБ", "Варваринское", "Қостанай минералдары", "Орион Минералс" кәсіпорындарындағы темір рудасы мен мыс концентратын, шекемтас, боксит пен асбест өндірісінің көлемі төмендеді. Бұл Рудный, Лисаков, Арқалық қалалары мен Таран ауданының, жалпы Қостанай облысының экономикасына кері әсерін тигізді.

Өнеркәсіп өндірісін жандандыру мақсатында, облыста бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының "Нұрлы жол" – болашаққа бастар жол" Жолдауына сүйенген жергілікті билік қуатты өңдеу өнеркәсібін дамытуға назар аударуды жөн көріпті. Шикізат бағасы тұрақсыз болған жағдайда өңдеу секторының қаржы дағдарысына мейлінше төтеп берері анық. Соңғы төрт жылдың көлемінде өңдеу саласында ондаған инвестициялық жобалар жүзеге асырылды. Бұл – ұлттық экономиканың тау-кен өндірісі кәсіпорындарынан тәуелді болуды төмендетуді жалғастыруға мүмкіндік туғызды. 2011 жылы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 29% болса, төрт жылда 46,9 пайызға жеткізілді.

Жалпы, өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс өсімі бір жылда 9,1% артты. Металлургия саласына тоқталар болсақ, осы бағытта 36 млрд. теңгенің өнімі шығарылды. Саланың өңдеу өнеркәсібінің құрылымындағы үлесі бір жыл ішінде 3% ұлғайған. Көрсеткішке "ЕвразКаспиан-Сталь" ЖШС зауыты жұмысының арқасында жетіп отырғанымыз жасырын емес. Мұнда Италия, Ресей мен Украинадан әкелінген жоғары өнімді заманауи жабдықтың күшімен, 8,9 млрд. теңгенің 92 мың тонна арматурасы шығарылды. Кәсіпорын үстіміздегі жылы өнім мөлшерін 3 есеге арттыруды жоспарлап отыр. Елбасымыздың бастамасымен қолға алынған "Қазақстанда жасалған" жобасын қуаттап, отандық өнімді ғана тұтынатын болсақ, кәсіпорындарымыздың осы қарқынын бәсеңсітпесі анық.

Темір ұсталары сайысқа түсті

Рудный қаласында болашақ темір ұсталарының кәсіби шеберлік байқауы өтті. Оған Рудный тау-кен технологиялық колледжі, Қарабалықтық Қазақстан агротехникалық колледжі мен Лисаков техникалық колледжінің 6 оқушысы қатысып, білімі мен біліктілігін таразыға салды. Алғашқы кезеңде сайыскерлер өз мамандықтары бойынша компьютерлік тестілеуден өтсе, практикалық кезеңде темір станогында түтік-жалғағыштар жасап шығарды. Байқауға қазылық еткен облыстық білім басқармасы мен "ССКӨБ" АҚ жөндеу-механикалық зауытының өкілдері оқушылардың тапсырманы уақытылы орындауымен қатар, олардың ебі мен шеберлігіне жете мән берді. Жеңіс қос кезең бойынша үздік нәтиже көрсеткен Рудныйлық колледждің оқушысы Байтемір Жұманазаровқа бұйырды. Ол "Мәңгілік ел жастары – индустрияға" атты мемлекеттік бағдарлама аясында Қызылорда қаласынан келген. Оқу озаты, қоғамдық жұмыстардың белсендісі. Енді Байтемір облыстың намысын кәсіби шеберлік байқауының республикалық кезеңінде қорғайтын болады.

– Биылғы сайыс Білім және ғылым Министрлігінің арнайы нұсқауымен өтіп жатыр. Қостанай облысында темір ұстасымен қоса шашта-раз өнері, IT-технология, дәнекерлеу ісі мамандықтары бойынша сайыстар ұйымдастырылып



келеді. Сайыс жастар арасында өз мамандықтарына деген сүйіспеншілікті арттырып, еңбек адамының беделін арттыруға септігін тигізеді, – дейді Қостанай облыстық білім басқармасына қарасты аймақтық ғылыми-әдістемелік орталығының директоры Елена Воловая.

Айта кетерлігі, еліміз биыл Бразилияда өтетін халықаралық кәсіби шеберлік чемпионатына қатыспақ. Яғни, "жүзден жүйрік озғандар" алдағы уақытта өз оқу орнымен қатар Қазақстанның намысын мәртебелі сайыста қорғауға мүмкіндік алмақ.

Қуаныш СЕЙДОЛЛҰЛЫ.

Рудный қаласы.



Аурулар көрсеткіші азайған

Алтынсарин. Ауданда "Саламатты Қазақстан" бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Соның нәтижесінде біраз аурудың көрсеткіші төмендеген. Мәселен, қан айналымы жүйесі ауруы 21 пайызға, туберкулез 46 пайызға, ал бала өлімі 84 пайызға азайған. Сондай-ақ, өткен жылы Щербаков селосында дәрігерлік амбулатория ашылған. Жаңа денсаулық сақтау мекемесінің құрылысына 43 млн.886 мың теңге жұмсалған.

Дәрігерге зәру

Лисаков. Қалада денсаулық сақтау саласының мамандары жетіспейді. Қала әкімі Марат Жүндібаевтың айтуынша, өңірде 20 дәрігер маман тапшы. "Соңғы төрт жылда дәрігер мамандарға 23 баспана берілді. Биыл тағы да үш пәтер беруге дайындық үстіндеміз. Осы бағытта жұмыстар жалғасын табатын болады" – деді әкім.

Көшпелі көрме – түзеу мекемесінде

Әулиеқол. Құсмұрын кентіндегі түзеу мекемесінде жазасын өтеушілер үшін көрме ұйымдастырылды. Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражай қызметкерлерінің дайындаған көрмесі Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған. Тарихи жәдігерлерді тамашалағандар мол мағлұмат алды. Шара барысында, темір торға тоғытылғандарға Л.Н. Толстой атындағы Қостанай облыстық кітапханасы әзірлеген бейнефильм көрсетілді. Жазасын өтеушілер өз тараптарынан концерттік бағдарлама мен ағаштан жасалған қолөнер бұйымдарының көрмесін келген қонақтар назарына ұсынды.

Патриоттық әндер байқауы өтті

Арқалық. Қазақ хандығының 550 жылдығы, Жеңістің 70 жылдығына арналып, "Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс" атты патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды. Қалалық мәдениет сарайы ұжымының бастамасымен қолға алынған байқаудың басты мақсаты – жас ұрпақты елжандылыққа баулу және өнер әлеміндегі жаңа есімдерді анықтау. Сайыстың нәтижесінде мектеп оқушылары арасында I орынды Е.Сақан, II орынды А.Пак, III орынды А.Кенжебекова иеленді.

Аудандық АНТ ауылдарды аралады

Сарыкөл. Ақпараттық-насихат тобы елді мекендерде кездесу ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. АНТ-ның өкілдері Маяк және Златоус ауылдық округтерінде болып, жұртшылықпен жүздесті. Келелі кездесуде аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Елена Бауэр діни сауаттылықты арттыру, экстремизм мен терроризм қаупінен сақтандыру туралы түсінік берді. "Аққозы қажы" мешітінің бас имамы Дәулетбай қажы Әбдіхалық жиналғандарға уағыз айтты. Жалпы, мұндай басқосулар алдағы уақытта жалғасатын болады.

Жерлесіміз жүлделі болды

Жігітқара. Өскемен қаласында 1993-1995 жылы туған жасөспірімдер арасында жеңіл атлетикадан Қазақстан Республикасының біріншілігі өткен-ді. Сайдың тасындай жарақталған жарыста өңірімізден Наталья Голубева қатысып, 800 метрлік қашықтықта жүгіруден күміс медальді жеңіп алды. Ол белгілі бапкер Н.В.Климованың шәкірті. Аталған жарысқа баптап барған бапкерлері жүйрік қыздың қазіргі аяқ алысына дән риза.

Ақиық ақынға арналды

Облыста. Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында қазақтың ақиық ақыны М.Мақатаевтың 84 жылдығына арналған кеш өтті. Шараға оқу орнының басшылығы, қызметкерлер құрамы, 1-3 курс тыңдаушылары қатысты. Оқу орнының тыңдаушылары ақынның сөздеріне жазылған әндерді шырқап, өлеңдерін оқыды. Жиналғандарға Мұқағалидың өміріне, қызметіне арналған бейнефильмнен үзінді ұсынылды. Кеш аясында ақынның шығармашылығына арналған әдебиет көрмесі ұйымдастырылды.



● НАРЫҚ



АРЗАН КЕЛІП ЖАТҚАН ТАУАРЫ ҚАЙСЫ?

Биылғы жыл Ресей рублінің күрт құнсыздануымен есте қалды. Әсіресе, кәсіпкерлер үшін. Себебі қазақстандықтардың көбісі елдегі тауарды қымбатсынып, Ресейдің арзан тауарына лап берді. Осыған байланысты отандық өнімдерді тұтыну көлемі азайды. Өйткені оларға Ресейдің арзан тауарларын алған тиімді. Әсіресе, автокөліктер...

Көрші елдің арзан өнімдеріне қызығушылық бұлай жалғаса берсе, еліміздің экономикасы қалай болмақ? Беларусь Президенті Александр Лукашенко өз елінде кедендік бақылау бекеттерін қайта тұрғызды. Кедендік бақылау арқылы Беларусь экономикасын барынша қорғап қалудың қамын жасады. Қазір кейбір кәсіби экономистер бізге де осы шараны қолға алу қажет деп кеңес беріп отыр. Ұлттық мүдде, ұлттық экономика тұрғысынан қарасақ, расында Қазақстанға да осындай тиісті шаралар жасаудың артықшылығы жоқ секілді.

Ресейдің арзан өнімдері Қазақстанға ағылып келіп жатқаны жұртшылыққа жақсы таныс. Алайда, облысымыздағы дүкен сөрелерінен сол арзан өнімдерді кездестірмедік. Сонда арзанға келіп жатқан тауарлар қані? Екі ортада сол баяғы алыпсатарлар пайдаға кенеліп, ал қарапайым халық қалтасындағы соңғы тиынын қағып беруде. Өкініштісі сол,



бұған қазір талдау жасап жатқан тұрғындар жоқ. Есесіне Ресейдің арзан тауарларын әкеліп, қымбатқа сатып, пайда табуда.

Облысымызда жергілікті нарықтың көлемі арзанға түсіп отырған жоқ. Статистика департаментінің мәліметтеріне сүйенсек, өңіріміз бойынша тұтыну бағаларының индексі 2015 жылғы қаңтарда 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда – 100,8% құраған. Жемістер және көкөністер – 5,2%, алкоголь өнімдері – 2,5%, сүт өнімдері – 0,8%, май және тоң майлар – 0,7% қымбаттаған. Халық көп жүретін орталық базардың жеміс-жидек сататын орындарына барғанымызда мұнда халық қарасы көп екен.

Сауда қызып жатыр. Бағалар әр түрлі. Алайда, Ресейден әкелінген жеміс-жидектердің бағасы едәуір қымбат. Мысалы; Қытайдан, Ираннан әкелінген алма бағасы – 220 теңгеден болса, Ресейден тасымалданған алма бағасы – 280 теңге.

Өзін Иванюкова Марина Николаевна деп таныстырған «Гиппократ» емдеу орталығының дәрігері ресейлік тауарды тұтынбайтынын жеткізді.

– Жеміс-жидектер сол баяғы қалпында. Ешқандай өзгерісті көрмедім. Жазда да, қыста да жеміс-жидектер тұрақты баға-

да сатылып жатыр. Ал Ресейден келіп жатқан жемістердің бағасы едәуір жоғары. Оның үстіне сапасы сын көтермейді. Мен мұны дәрігер маман ретінде анық білемін, – дейді ол.

Базардағы жеміс-жидек сататын саудагердің бірі – Қалампыр Хамзина:

– Егер шындығын айтар болсам, қазіргі таңда ресейлік жеміс-жидектерге сұраныс жоқ. Алыпсатарлар көтерме бағамен сатқанның өзінде ресейлік жеміс-жидектер өте қымбат. Сондықтан мен оны көтерме бағамен алып, тұрғындарға қымбаттатып сатудан бас тарттым. Қарапайым жұртты алдағым келмеді. Көрші елге қарағанда Қытайдың алмалары өтімді, өйткені сапасы жақсы, – деді.

Базарларда қалыптасып отырған қазіргі жағдай осындай. Тұтынушылар тауарлардың сапасы мен сақталу мерзімін өздері анықтап тексеріп алмаса, сатып жатқандарға өтсе болды. Олар табыс табудың жолын ойлайды. Демек, тұтынушылар тауарды сатып алмас бұрын оның қайдан және қашан келгенін біліп алғандары жөн. Өйтпесе, опық жеп қалулары оп-оңай. Өйткені көршілерден арзан бағаға әкелген тауарларды қымбаттатып сату тыйылар емес. Сондықтан өзіміздің отандық өнімдерді пайдаланғанымыз тиімді. «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалаған артық» деп қазақ атамыз бекер айтпаса керек.

СУРЕТТЕ: Алыпсатар саудагер Қалампыр Хамзина және оның тұрақты тұтынушысы Марина Иванюкова.

● САУАЛНАМА

"ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН" маркалы өнімді кім біледі?

«Жылдан жылға «Қазақстанда жасалған» деген өнімдер санын арттыра беруіміз керек» – деді Елбасы Үкіметтің таяуда өткен кеңейтілген отырысында. Биылдан бастап сауда орындары сөрелерінде 30% отандық өнімдерді қою міндеттелуі мүмкін. Сонымен қатар, кәсіпкерлерді қолдау үшін Ұлттық компаниялар мемлекеттік сатып алуға қажетті өнімдерді отандық кәсіпкерлерден алатын болады. Оның үстіне биыл елімізде «Қазақстанда шығарылған» акциясы шеңберінде ұлттық өнімді насихаттау кең өріс алып отыр.

Осыған орай Қостанай қаласының бірқатар супермаркеттеріндегі өнімдерге назар аудардық. «Тамаша», «Мечта» сынды ірі супермаркеттерде отандық тауарларға сұраныс өте жоғары деңгейде екен. Және оларға арнайы орын берілген. Осыған байланысты қала тұрғындарымен сауалнама жүргіздік.

Лариса ТИМИЧУК,
зейнеткер, 80 жаста:

– Мен қазір зейнеткермін. Айына 54 мың теңге зейнетақы аламын. Зейнетақым өзіме жетерлік. Кез келген көкөністер мен жемістерді сатып аламын. Ал отандық тауарларды міндетті түрде пайдаланамын. Қостанайда шығарылып жатқан өнімдердің қай-қайсысын алып қарасақ та сапасы жақсы, бағасы қолжетімді. Мәселен, мен «Новый день» фирмасының сүтін, «ДЕП» фирмасының қатығын, «Особа» фирмасының шұжықтарын аламын. Ал немерелеріме «Баян сұлу» АҚ-ның кәмпиттерін алатын кездерім бар. Мен зейнеткер ретінде Елбасымызға үлкен алғыс айтқым келеді. Оның саясатының арқасында елімізде тыныштық, бейбітшілік салтанат құрған. Бұл бізді қуантады. Қазір Халық Ассамблеясы Президент сайлауын өткізу туралы ұсыныс жасап жатыр ғой. Біз ардагерлер ол ұсынысты орынды дейміз. Егер сайлауға түссе, Елбасымыздың кандидатурасын қолдаймыз. Ол кісінің еңбегі зор.



Гүлдана БҰХАРБАЕВА,
КГПИ-дің студенті:

– Қазір жеміс-жидектер қымбат. Әрине, студент болғасын қымбаттап жатқанын сезіп жүрмін. Өз басым «Қазақстанда шығарылған» маркалы өнімдермен жақсы таныспын. Өзіміздің Қостанайдың «Баян Сұлу» фирмасының кәмпиттерін кім білмейді?! Сонымен қатар, студент болғасын макарон өнімдері ғой алатынымыз. Сондайда «Корона» маркасындағы вермишель мен рожкиді көп аламыз. «Фуд Мастер» сүт өнімдерін, «Рахат», «Баян-Сұлу» өнімдерін аламын әрі жақсы көремін. Жастар қашанда жақсы істің жаршысымыз. Отандық өнім көптеп шығарылып жатса, тұтынамыз, себебі осы елдің патриоттарымыз ғой.



Валерий КИМ,
шебер, 33 жаста:

– Мен жеміс-жидектерді көп аламын. Алайда осы жеміс-жидектердің «Қазақстанда шығарылған» деген маркасын көрген жоқпын. Әлде мен білмеймін-ау. Жейтініміз қытайдың алмалары боп тұр. Үкімет жеміс-жидектердің өзімізде сақталуына, жылыжайларда өсірілуіне көбірек көңіл бөлсе екен бір сәт. Өйтеуір уколмен дәрі егілген алмаларды балама әкеліп беремін. Сөйтіп көзін де, өзін де қуантамын. Алайда, сапасының қандай екенін кім білген? Неге бізге Алматының аппорты жетпейді? Дүкен сөрелерінен көрінбей жатады. Елбасымыздың өзі Алматы аппортының сортын көбейтуге басымдық берген жоқ па еді?! Иісі бұрқыраған Алматының аппортын ұлттық брендімізге айналдыруымыз керек сияқты, бізге сол жетіспей тұр.



Жақсылық ШУНУШЕВ,
73 жаста, зейнеткер:

– Мен Кеңес үкіметі кезінде саудагер болған адамын. 42 жыл бойы сауда саласында еңбек етіп, «Сауда саласының Еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен марапатталғанмын. Қарт саудагер ретінде айтар болсам, қазір дүкенде құстың сүтінен басқаның бәрі бар. Бұрын біздің кезімізде бәрі де талонмен, мөлшермен берілетін. Ал, қазіргі ғылым мен техника дамыған дәуірде кәсіпорындар да көп, фирмалар да көп. Қостанайда көлік жасап шығарылып жатыр. Сүт және басқа мал өнімдерін өңдейтін фабрикалар да көп. Осының бәрі бізге жаңалық әрі қуаныш, қалқам. Сапалы отандық өнімдерді пайдаланғанға не жетсін?!



Ақнұр МҰСАБАЕВА.
Бет суреттерін түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



● МӘСЕЛЕ


ҚАҒАЗ ӨНДІРІСІНІҢ ҚАРҚЫНЫ НЕГЕ ТЕЖЕЛДІ?

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Осыдан бірнеше жыл бұрын «Лисаков картон-қағаз кешені» құрылған кезде бірқатар жұмыс орындары ашылған еді. Бұған дейін аталған кәсіпорынның уақтылы қаржыландырылып, ісін жандандырып жатқаны туралы да аз жазылған жоқ. Алайда, қазіргі күні гофрокартон және жұмыртқаға арналған ұяшық қаптама әзірлеу өндірісі айтарлықтай қиындықтарға тап болды. Кәсіпорынның жалпы қарызы 450 миллион теңгені құрап отыр. Бұған дейін облыс әкімінің қатысуымен өткен есеп беру жиналысында Лисаков қаласының әкімі Марат Жүндібаевтың өзі аталған түйткілді мәлімдеген болатын.

Ал «Лисаков қағаз-картон кешенінің» ЖШС директоры Фархат Галиев «барлық мәселе коммуналдық төлемдер бойынша қарыз бен жалақы берешегіне тіреліп тұр» деген еді. Осы арада өңір басшысы кәсіпорынды тығырықтан шығару туралы тапсырма жүктеді.

— Қазір комбинаттың барлық қарызы 450 млн. теңге, соның ішінде жалақы берешегі 4,5 млн. теңге. Осыған қарамастан жұмыртқаға арналған ұяшық қаптама, гофрокартон шығарылып келеді. Ал құрылғылар жұмыс



істеп тұр. Кешенді дамыту мен толық іске қосу жоспары, сондай-ақ қағаз өңдейтін машина дайын. Тек ақпан айында өндіріс ошағына 10 млн. теңге құйылды. Биылғы жылы мамыр айында өндіріс толық іске қосылады деп күтілуде. Сол уақытқа дейін 200 тонна картон, айына 450 мың дана жұмыртқаға арналған ұяшық қаптама шығару жоспарланған. Айына 150 мың шаршы метр гофрокартон өндіретін боламыз, — деген сол жолы Фархат Галиев.

Айта кетейік, кәсіпорын 2011 жылы мемлекеттік «Өнімділік 2020» бағдарламасы бойынша құрылып, еліміздегі 27 қазақстандық кәсіпорынның қатарына енген еді. Жоспар бойынша кешен

биыл толық іске қосылып, өнім көлемін 1,5 есеге дейін артады делінген. Ал 2020 жылы екі есеге арттыру көзделген еді. Алайда 2012 жылдың тамыз айында кәсіпорын проблемалық жобалардың қатарына кірді.

Лисаков қаласының әкімі Марат Жүндібаев есеп беру жиналысында:

— Индустриаландыру картасына енген «Лисаков картон-қағаз кешенінің» тағдыры күрделі. Осыдан екі жыл бұрын картон қағаздарын өңдеу желісі іске қосылған еді. 2014 жылы кәсіпорын 134 млн. теңгенің өнімін өндірді. Жалпы аталған

кешен 2015 жылы толық іске қосылады деп жоспарланып отыр. Алайда бірқатар проблемалар бар. Алдымен басшылардың ұйымдастыру төмендігі. 2014 жылы қараша айында өндіріс қызметі тоқтады. Қазіргі уақытта Оңтүстік Қазақстаннан жаңа инвестор келіп жатыр. Құрылтайшылар өзгерді, — деген болатын. Осы мәселе жөнінде біз Лисаков қаласында болып, кәсіпорынның қазіргі жай-күйін жергілікті басшылар мен құзырлы орган жетекшілерінен біліп қайттық.

Еркін Тәйкешов, Лисаков қаласының прокуроры:

— Өндіріс орнындағы жалақы

мәселесі — әлеуметтік мәселе. Бұл мәселе өткен жылы Елбасының мораторий жариялауымен тұспа-тұс келді де, тексеру жүргізуге ұйғарым хат жібере алмадық. Бірақ бұл мәселені біраз уақыт бойы өз қадағалауымызға алдық. Жалақы берешегіне байланысты жұмысшылар шағымданды. Біз арнайы еңбек инспекциясына ұсыныс хат жолдадық. Өткен жылы қатарынан екі рет сот актісі болды. 3 желтоқсан күні бітімгершілік келісімге келіп, жалақы берешегі шешілді. Қазір өндіріс орнының 73 жұмысшы алдындағы 10 миллионға жуық қарызы толық өтелді. Тек бір өйел ғана қалды. Ол осы қалада тұрмайды екен.

Назарбек Қоңқабаев, Лисаков қаласы әкімінің орынбасары міндетін атқарушы:

— Жалақы мәселесі түбегейлі шешілді. Қазір жаңадан келген басшылықпен қағаз өндірісін жандандыру бағытында келіссөздер жүргізіліп жатыр. Өздеріңізге белгілі, Оңтүстік Қазақстаннан жаңа инвестор келді. Сол себепті өндіріс ошағының жұмысы тоқтамайтын болады. Ал кәсіпорынның өндіріс орнын «Вид» ЖШС жалға алып отыр. Кешен АТФ банкке кепілдікке қойылған. Бұл мәселемен «Тобыл» ӨКК айналысып жатыр. Менің білуімше, кепілдікке салынған кешенді әлеуметтік корпорация өз қаражатына сатып алмақ. Бұл мәселе де өз шешімін табады.

Лисаков қаласы.

● ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ — АҚ ЖОЛ

Торғайда жаңа сүт зауыты ашылмақ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметтің таяуда өткен кеңейтілген отырысында бірқатар маңызды мәселелерді алға қойды. Жаһандық дағдарыстың алдын алу үшін еліміздегі отандық өнім өндірушілерге қолдау көрсету мәселесін атап көрсетті. Шығарылатын өнімнің сапасын арттыруды, соған сай тұтынушылар назарын отандық өнімдерді тұтынуға бағыттауды ерекше айтты. Қазақстанда жасалған бұйымдардың, құрал-жабдықтардың, азық-түлік тауарларының және басқа да өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арту үшін түрлі бағдарламалар жүзеге асырылып, қаржыландыру деңгейі жыл сайын өсіп келеді.

Мысалы, «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры кәсіптің нәсібін көремін деген жандарға қолдау жасауда. Соның бірі — Жанкелдин ауданындағы «Кеңес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жаңадан салып жатқан шағын сүт зауыты. Аталмыш сүт зауыты биылғы жылдың мамыр айында толық іске қосылып, пайдалануға берілмек.

Зауытты ашқалы отырған кәсіпкер Мұратбек Талғатұлы Кеңес. Оның қарамағындағы «Кеңес» жеке шаруа қожалығында 200-ге жуық ірі қара мал бар. Бұл зауыт — аталмыш аудандағы іске қосылмақ болып отырған алғашқы кәсіпорындардың бірі. Ол — Торғай аймағы мен облысымызды сүт және

сүт өнімдерімен жабдықтап, өңір экономикасының дамуына өз үлесін қосуды жоспарлап отыр. Жаңа зауыттың жобалық құны — 5 000 000 теңге. Оның 2,5 миллион теңгесі «Даму» АҚ-ның қорынан грант ретінде бөлінді. Дегенмен, заман ағымына сай жаңаша жұмыс істеу — нарық талабы. Қазіргі таңда зауыт өзі-

не қажетті заманауи құрал-жабдықтармен жарақтандырылды. Қазір зауыттың ішіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу ғана қалды. Зауыт жайында оның директоры Мұратбек Талғатұлы:

— Басында жоба құны 40 000 000 теңгені құраған. Яғни, кең көлемді сүт зауытын ашпақ болған едім. Алайда қаржы көзін табу қиын болды, содан шағын сүт зауытын ашпақ болып шештім. Меншігімде ірі қара малы баршылық. Одан әртүрлі сүт өнімдерін шығаратын боламыз, — дейді.

Қазір Торғай өңіріндегі тұрғындарының көбінің қорасында 4-5 сиыр бар. Бұл — сүтке сұраныс жоқ деген сөз емес. Себебі әлі күнге дейін қолындағы сиырын сауып, сүтінің 1 литрін 100 теңгеге сатып, нәпақасын айырып жүрген ауыл адамдары баршылық. Сонымен қатар төрт түлік мал ұстамайтын тұрғындар да жоқ емес. Олар азық-түлікті көбіне дүкендерден қымбатқа сатып алады. Бұл — алыстағы аудан халқы үшін өте тиімсіз. Ал Жанкелдин ауданы болса — облысымыздың ең шалғайында жатқан аудан. Ол жаққа әсіресе, жаз айларында

сүт өнімдері аз тасымалданады. Олардың біразы тұтынуға жарамсыз болып қалады. Сүттен алынатын қаймақ, май, құрт, айран, ірімшік аудан орталығынан шығарылса, халыққа жақсы болар еді, оның үстіне ол арзанға түсер еді.

Кәсіпкер Мұратбек Талғатұлының бастамасы құптарлық. Бірыңғай мал шаруашылығымен айналысып отырған аудан үшін үлкен жаңалық болмақ. Оған аудандық әкімдік пен кәсіпкерлік бөлім тарапынан тиісті қамқорлық болса, жаңалықты жақсы іс жанкелдиндіктер үшін өз пайдасын молынан тигізери анық.

Мұратбек «Даму» қорына риза. Оның үлкен көмегін яғни грантын тиімді пайдаланып, өзіне де, ауданына да тиімді шаруа жасауға құлшынып отыр. Зауыттың ашылуына азғантай ғана уақыт қалды. Жаңа кәсіпорын лайым да, өз өнімдерін сапалы етіп шығарып, нарықтан өз орнын алса, кұба-құп. Мұратбек болса, «сөзімде тұрып, уәдеден шығамын!» — дейді.

Ақнұр МҰСАБАЕВА.
Жанкелдин ауданы.



● ЖЕҢІМПАЗДАР ЖҮЗДЕСУІ

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран

Облыстық «Қостанай таңы» газеті бүгін майдангерлер
Қажи Маманов пен Қасымхан Алдабергеновке сөз беріп отыр

Қажи МАМАНОВ:

**«Біз өз заманымыздың
перзенті болдық»**



Қасымхан АЛДАБЕРГЕНОВ:

**«ЖЕҢІС –
МӘҢГІ ЖАС»**



Ұлы Отан соғысының басталуымен біздің жасымыздағы балалардың бірқатары оқуды әрі қарай жалғастыра алмады, жастық шақтың қызығын қызықтаудан айырылды, буындары қатпаса да ерте есейіп, еңбекке араласып кетті. Солардың ішінде мен де екі ағамның майданға аттануына байланысты, оқуды тастап, күнкоріс тауқыметімен ата-анама қолғабыс тигізіп, колхозда еңбек жолын бастадым. Қол күшімен, жұмыс көліктерімен атқарылатын колхоз өндірісінің барлық түрінен өттім.

Армия қатарына 1944 жылы шақырылдым. Орал әскери округіндегі даярлықтан кейін майдан шебіне жіберілдім. Онда 1945 жылдың наурыз-мамыр айларында 2-Белорус майданы 65-Армияның 69-атқыштар дивизиясы құрамында Ұлы Отан соғысының соңғы операцияларына қатысып, Жеңіс күнін Балтық теңізінің жағасында қарсы алдық.

Соғыс аяқталғаннан кейін де мен әскери қызметімді Совет Армиясының Германияны оккупациялау құрамаларында, ал кейіннен Совет Армиясының Солтүстік Тобының (Польша) құрамында жалғастырдым.

Армия қатарынан 1948 жылдың мамыр айында запасқа шықтым. Жастығымның куәсі болған Мендіқара ауданына оралып, қызметке алынып, аудандық Совет атқару комитетінің жауапты хатшысы болып сайландым. Міне осы ұжымда ауатком төрағасы болған даңқты партизан Жүсіп Наметов (партизандық жалған аты Иоска Самосуд), ауатком төрағасының орынбасары болған Совет Одағының Батыры Сейітхан Темірбаевтармен бірге төрт жыл қызмет істеп, мемлекеттік қызметкер болып қалыптастым. Партия қатарына қабылдандым.

Қостанай облыстық Совет атқару комитетінің аппаратына қызметке шақырылып, онда облатком төрағасының көмекшісі болып қызмет атқардым. Осы аппаратта облатком төрағалары болып істеген Құлжан Өтеғалиев, Иван Гаврилович Слажнев, облаткомның жауапты хатшысы болған Мағауия Жүнісовтердің басшылығымен менің мемлекеттік қызметкер болып қалыптасуым өз жалғасын тапты.

Еңбек жолымның біраз жылдары, өмірімнің дер шағы облысымыздың оңтүстік өңірімен байланысты болды.

Алматы жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін Жанкелдин аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайландым, осы жұмыста 1965 жылға дейін істедім.

1965-1987 жылдары Урицкий аудандық Совет атқару комитетінің төрағасы, "Қостанайасбест" комбинаты жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің бастығы, Ленин аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметтерін атқардым. 1987 жылы республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шыққаннан кейін де еңбектен қол үзбей облыстық халықтық бақылау комитетінің аппаратында, кейіннен облыстық халықты жұмыспен қамту басқармасында мемлекеттік қызметтерде істедім. Жетпіске таяп келіп, жұмысты тастағанымда менің жалпы еңбек стажым 55 жылдан асып кетті.

Еңбек жолымда жүздеген тамаша адамдармен жолдас болдым, олардан көп нәрсені үйрендім.

Біздің Қостанай облысын басқарған басшылардың ішінде маған ерекше көзқараста болған және мен де оларды өте қадір тұтқан Қозыбаев Оразалы, Моторико Михаил Георгиевич, Жәнібеков Шәңгерейдің есімдерін ерекше ілтипатпен атаймын.

Осы кезде біздің ұрпақ өкілдерін "Бұлар Ресей үшін немістермен соғысқандар", не кешегі «партократтар» деп айдар тағатын бірен-саран адамдарды кездестіруге болады. Оларға біздің айтарымыз: біз өз заманымыздың перзенті болғандықтан сол заманымызға еңбек еттік. Ол кезде біздің еліміз де сол ортақ Отанымыз — Советтер Одағының құрамында болғандықтан сол тоталитарлық жүйеге қызмет ететін Коммунистік партияның солдатты болдық. Ал, Ұлы Отан соғысы Ресей мен Германияның арасындағы соғыс емес, ол прогресшіл адамзаттың фашизмге қарсы, әлемдік өркениетті сақтап қалу үшін болған соғыс. Біз күш-қуатымызды, қажыр-қайратымызды өзіміздің Қазақстанның, қалды облысымыздың экономикасы мен мәдениетін өркендетуге, халқымыздың әл-ауқатын жақсартуға сарп еттік. Ал тәуелсіз Қазақстан Республикасы сол аға ұрпақ құрған материалдық-техникалық базаның негізінен дүниеге келіп, соның негізінде әлемге танылып, дамып келе жатқан жоқ па?!



**Жасы тоқсанға таянған, қарт абыз
Қасымхан аға Алдабергенов Жеңіс туралы, майдандас достары туралы тебірене толқып отыр?**

«Иә, жетпіс жыл. Алла-Тағаланың пендесіне (онда да сүйген құлына) өлшеп беретін бір адамдық ғұмыр, сақалы кеудесін жапқан қария — Уақыт.

Жеңіс — мәңгі жас. Ғасырларды тесіп өтетін Өлмес Тарих, Өшпес Даңқ, Елдіктің, Ерліктің, Отансүйгіштің пен Достықтың өнегелі үлгісі, шырқау Шыны, Жан беріп, Жан алар Серті.

Шіркін, сондағы жігіттердің жүрегі қандай таза еді. Өмірді кіршіксіз сүйюші еді ғой, өмірге шексіз құштар болатын. Кеудесіндегі шыбын жаны тағдырдың оған тартқан сыйы еді.

Мұндай жүректе кір қалмайды. Ол жер бетіндегі, жарық дүниедегі тірліктің, тіршіліктің бәрін таза қалпында қалтқысыз сүйетін. Оның алдында мөлдір өмір жолы тұрды.

О, сойқан соғыстың солдаттары-ай! Сендер сондайсыңдар. Солай болып та келесіңдер, солай болып жер қойнына енесіңдер. Бірақ, жер бетінде сендердің ыстық жүректеріңнің оты қалады. Оған

ұрпақтарың жылынатын болады!

Менің майдандас досым Әшірбай Есмұр-заев ағып тұрған ақын еді.

Қоштасарда көп қиналды. «Егер тілекке жетсек, әлі талай қауышамыз. Бұл тек сенің көңілің үшін айтылған сөз емес, жүректің тұнық түбінен шыққан сөз.

Сенің ашық бейнең, ағалаған сөзің мен үшін қымбат. Айласын тапсаң айды құш, бірақ аспан тіреусіз абай бол.

Қолың берші, қатты қысып тағы бір, Кетер кезде құмардан бір шығайын. Қимас жүрек еріп, балкып соғып тұр, Көздің жасын құрғатайын, сығайын! Әшірбай.

15.10.45. Сағат 10. Геделе қ. Венгрия». Әшірбай ақжарқын, әркіммен де тіл табыса алатын жігіт еді. Сержант құрамында болғанмен, офицерлермен тең дәрежеде сөйлесетін.

Бірде мен түскі асқа штабтан кешігіп келдім. (Бір пәтерде жаттық, мадыр үйі). Келсем стол үстінде ас арасында бір бет қағаз жатыр, оқысам өлеңмен былай деп жазылыпты:

"Жартылық үйде арақ тұр,
Сен келер деп қарап тұр.
Шымырлап шыны ішінде
Қарт бурадай жарап тұр.
Шыныны теуіп сықап тұр,
Шыны да зорға шыдап тұр.
Ертерек мені босат деп,
Көзін сүзіп жылап тұр.
Келмесен бүгін түсінде,
Билігім болмақ күшінде,
Үйдегі "жарты" арақты,
Көрмейсің сосын түсінде".
Қайран Әшекей-әй, үлкен ақын болатын!

Тойкен Әбдіғұлов, бұл енді нағыз қанды көйлек досым еді, әрі құрдаспыз. Алматы облысы, Қаскелең ауданынан болатын. Көп үндемейтін, биязы мінезді, шағын денелі жігіт еді. Күресіп кеп қалғанымызда иіліп кеп жамбасқа сап лақтырып жіберетін айлалы еді. 64 килограмм "Максим" пулеметін талай арқамызға артып (станогі 32 кг) алғы шепке шығатынбыз. Тарамыс-тай төзімді болатын. Достыққа да берік. Мінезіміз жарасты ма, екеуіміз етене егіздей жүретін едік.

Қайран, достарым-ай...

Жат елде, қан майдандағы қалыптарын, жастық бейнелерін, үлкен жүректерің менің көз алдымнан кетпейді.

Иә, Жеңіс — мәңгі жас.

Қайдасыңдар, достарым

Қайдасыңдар, қаруласым — достарым, Жетпіс жыл-ау бастарыңды қоспадың, Қайырылмастай кеттіңдер ме алаңсыз, Азат етіп жарты әлемнің аспанын.

Жалпақ елден жауды қуып, алас қып, Өліміз бар, тіріміз бар тарастық. Бурыл басты ата болып қауышсақ, Бізге бүгін болмас па еді жарастық?!

Қайдасыңдар, қанды көйлек достарым, Ойлаймыз ба, ойпыр-ай, біз бас қамын?! От боп жаудың ойрандадық ордасын, Отан үшін, бақыты үшін басқаның.

Оқасы жоқ, оған да мен таласпан, Ойларым көп одан гөрі әрі асқан. Бір-ақ нәрсе бізге мұрат жалғанда — Шайдай ашық бола берсін көк аспан!

Бөлімді Сәлім МЕНДІБАЙ жүргізеді

● ТКШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылғы 28 қаңтардағы "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру мен тұрғын үй жайлылығы деңгейін жоғарылату мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен "Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы" қабылданған болатын.

Біз аталған бағдарлама бойынша Арқалық қаласында атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысқан едік.

Жайлы баспана - жайлы тұрмыс



Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

— Алғаш рет қалада 2012 жылы пилоттық Жобамен Абай даңғылы, №78 үй күрделі жөндеуден өткізілді. Мердігері: "Торгайстрой" ЖШС. Бұл көрсеткіш 2014 жылы мүлде қарқын алып, кондоминиумның 11 нысанына бір мезетте терможаңғырту жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда: Байтұрсы-

нұнов көшесі, №4 үй, Маясова көшесі, №22 үй, Ш.Жәнібек көшесі, №90 үй. Мердігері: "Құрылыс" ЖШС (Астана). Байтұрсынов көшесі, №26 үй. Мердігері: "ЖКШ Строй" (Қостанай). Абай даңғылы, №92 үй. Мердігері: "Бақыт - К" (Аманкелді ауданы). Байтұрсынов көшесі, №11/1 үй. Мердігері: "Әбдібеков" ЖК. Абай даңғылы, №80 үй. Мердігері: "Мәжитов" ЖК. Шақшақ Жәнібек көшесі, №93 үй. Мердігері: "Скацкий" ЖК. Әуелбеков көшесі, №11/1 үй. Мердігері: "Торгайстрой" ЖШС (Арқалық).



Күрделі жөндеу кезеңдерінде үйлердің төбе жабындылары, жер төселері, сыртқы қабырғалары, подъездерінің іші, терезелері, электр жүйелері, кіреберіс топтамалары және үй аулалары бір сөзбен айтқанда кондоминиум нысанының ортақ мүлігіне күрделі жөндеу жасалды. Сондай-ақ, жылу энергиясын ұттырмай пайдалануға және ресурстарды үнемді тұтыну тұрғысында бағдарламаның терможаңғырту бөлімі арқылы жөндеуден өткен үйлердің су, кәріз құбырлары жаңғыртылып, ортақ жылу есептегіш пен автоматтық жылу реттеуші құралдар орнатылды, — дейді "Арқалық қаласы әкімдігінің тұрғын үй-инспекциясы бөлімі" КММ басшысы Бауыржан Әділбеков.

Мамандардың айтуынша бағдарламаны жүзеге асыру барысында түрлі қиындықтар да кездеспей қалмайды.

ден өткізуге, жөндеу жүргізу туралы шешім қабылдауға асықпайды. Ортақ меншікті кондоминиумға тіркетуге қажетті қаражатты жинап, құжат рәсімдетуді өте бір күрделі мәселеге айналдырып, не болмаса жөндеу жұмыстарының тым қысқа мерзімде жүзеге асқанын қалайтындар да кездеседі.

Негізінде көп пәтерлі тұрғын үйлердің ортақ мүліктерін тіркеуден өткізу дайындықтары бірнеше айға созылады. Оның себебі, жөндеу жұмыстарының қаржыландыруы Республикалық бюджеттен болғандықтан құжаттандыру жұмыстары өте мұқият тексерістерден, сараптамалардан өтеді. Сондықтан, ортақ мүлікті күрделі жөндеуден өткізу шараларында неғұрлым ертерек басталған іс, соғұрлым оң нәтижесін береді.

— Бүгінгі күнде пайызсыз несие алып, яғни бағдарлама шеңберінде өткізілетін жөндеуге ынталы емес тұрғындар да бар. Іс барысында анықталғанындай олар көбіне аз қамтылған отбасылардың мүшелері болып табылады. Бұл ретте, аз қамтамасыз етілген жанұяларға жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ағымдағы жөндеуге және күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегі

көрсету ережесіне" сәйкес, тұрғын үй көмегі көрсетіледі. Тек, уақытында көмек алу үшін құжаттарды тапсыру қажет.

Үй тұрғындарының арасында жөндеу жұмыстарына сенімсіздік танытатындары да жоқ емес. Алайда, түсініспеушілік танытып көрші пәтерлердің тұрғындарын кондоминиумға қатыспауға үгіттеннен үйдің сапасының жақсармайтыны белгілі. Олай болса, үй тұрғындары өз мүліктеріне салғырттық танытпай, Бағдарламаның тиімділігін растап, қолдану қажеттігін ескергендері жөн. Ел арасында осы мәселелерді үнемі айтып, насихаттап жүреміз. Тұрғындарға сапалы қызмет көрсетіп, жеткілікті ақпарат беруге біз әрқашанда дайынбыз, — дейді Бауыржан Бақытұлы.

Елімізде, өз күшімен үйдің жағдайын жақсартамыз деген үй тұрғындарына да қолдау көрсетіліп, жағдай жасалған.

Қалада 2012 жылдан бері тұрғын үй қатынастарының оптималдық моделі қалыптастырылуда. Бүгінгі таңда көппәтерлі үйдің ортақүлестік мүлігін яғни, кондоминиум нысанының тіркеуін нотариалдық сенімхат арқылы жасасатын басқару органдарының саны арта түсуде. Қалада қазір осы жұмыстармен айналысатын 4 ЖШС бар.

— Тіркеу жасалғаннан кейін бір айдың шамасында кондоминиум нысаның басқару органы жалпы жиналыста таңдалады. Олар жеке шаруашылықтар барлық басқару қызметтерін атқарады. Біріншіден әр пәтер иесімен жеке бекітілген типтік шартқа отырып, үйді қабылдау АКТ-мен қабылдап алып, үйге екінші деңгейдегі банкте жеке ағымдағы шотпен жинақы шот ашады. Сонымен қатар, үй тұрғындарының кеңесі тағайындалады. Үй тұрғындары кеңесіне өз салымдарын бағалай білетін және өз ортақ үйлерінің жай-күйіне бейжай қарамайтын белсенді, сауатты үй-жай, пәтер иелерінің кіруі аса маңызды. Үй тұрғындары кеңесі үй-жай, пәтер иелерінің жалпы жиналысының шешімдерін іске асырылуын қамтамасыз етіп, басқару органының қызметіне қадағалау, бақылау жүргізіп отырады. Ай сайын үйлерінің күтіп ұстауына төлеген ақшаларының мақсатты жұмсалыуына және жинақы шот тариф белгілеп, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізе алады, — дейді қалалық тұрғын үй инспекциясының заңгер-маманы Айнаш Назарқызы.

Сайып келгенде, тұтастай үйді ұқыпты ұстамай, жеке пәтерде ғана жайлы тұрмыс кешу мүмкін емес екенін тұрғындар сезіне бастаған.

— Біздің Байтұрсынов көшесі

№4 үй өткен жылы кондоминиум арқылы күрделі жөндеуден өтті. Құрылысшылар мейлінше жақсы жұмыс жасады. Атқарған істеріне ден ризамыз. Үйіміздің жөтелесіне дейін толық тазартып, құбырларын ауыстырып берді. Подъездерімізге ішінен ағаш есік, сыртынан темір есік салып, жылу батареяларын қойды. Үйіміздің ажары кіріп, жарық, жылы болды. Қазір, үйге кіргеннен-ақ өзімізді жайлы сезінеміз, — деп ағынан ақтарылады қаланың байырғы тұрғыны, ішкі істер қызметінің ардагері Алдаберген Ибрагимов.

Айтса айтқандай, халық мемлекеттік "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту" бағдарламасына қатысудың артықшылығын анық көре алды.

Талдау көрсеткеніндей терможаңғырту өткеннен кейін тек қана үйлердің жағдайы, инженерлік жүйелері түзеліп қоймай, тұтынушылардың жылуға төлемдері жалпы бекітілген тарифтен 10 % -ға үнемделеді.

Жалпы, Арқалық қаласының тұрғын үй қорының 93% -ы ағымдағы және күрделі жөндеуді қажет етеді. Қазіргі уақытта, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасының қоғамдық қол жеткізу мүмкіндігін арттыру үшін кондоминиум нысандарын құру жұмыстары жүргізілуде. Қазірдің өзінде 19 кондоминиум нысаны тіркелді және 13 көппәтерлі үйде Әділет органдарында тіркеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, тұрғын үй кешенін жаңғырту бағдарламасы бойынша аталған үйлер биылғы жылы жалпы сомасы 50 млн. теңгеге күрделі жөндеуден өтеді.

Сонымен қатар, облыстық "Энергетика және коммуналдық шаруашылық департаменті" ММ-не 2015-2017 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрғын үй қорын жөндеу мақсатында қаржылық-экономикалық негіздемеде жалпы сомасы 1 миллиардтан астам теңгені құрайтын бюджеттік тапсырыс жасалған. Бұл қаражат қаладан тағы да отыз шақты кондоминиум нысанына күрделі жөндеу жүргізуді қамтамасыз ететін болады.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Б. Әділбеков, қалалық тұрғын үй-инспекциясы бөлімінің басшысы.

Суретті түсірген автор.

Студенттің еңбегі еленді

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Студенттің еңбегі еленіп, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің Алғыс хатымен марапатталды.

Еске сала кетейік, 12-13 ақпанда өңірімізде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен "ІРЗ" Герман халықаралық құқықтық қатынастар қорының ұйымдастыруымен "Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы шетелдердің құқықтық механизм" тақырыбында халықаралық конференция өткен болатын. Осы конференцияның ұйымдастыру жұмысына атсалысқаны үшін А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің студенті С.Новосельцев ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті басшысы Д.Үсеновтың қолынан Алғыс хат алды.

Студенттің айтуынша, осындай жоғары деңгейлі іс-шараларда мол тәжірибе алуға мүмкіндік береді. "Мұндай халықаралық деңгейдегі ауқымды конференцияны ұйымдастыру жұмысына атсалысуымыз біз үшін үлкен мәртебе", — дейді.

Аз. Ивлев Владимир Юрьевичтің сенімді тұлғасы Кудербекова Айнаш Мамбетовна көпшілік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Глазунов селолық округі аумағында орналасқан алаңы 114,0 га, кадастрлік нөмірі 12-183-100-010, шаруа қожалығын жүргізуге арналған бөлінетін жер теліміне 10.02.2050 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетін туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы сауда өткізілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 10.03.2015 жылы сағат 09.30-да мына мекен-жайда болады: Қостанай ауданы, Глазунов с.с., Школьная көш., 4. Өтінімдер жұмыс күндері 06.03.2015 жылғы сағ. 17.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол кенті, Школьная көш., 52/2, тел. 87078053724.

Доверенное лицо гр. Ивлева Владимира Юрьевича Кудербекова Айнаш Мамбетовна в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного долгосрочного землепользования сроком до 10.02.2050 года на делимый земельный участок площадью 114,0 га, с кадастровым номером 12-183-100-010, предназначенный для ведения крестьянского хозяйства, расположенный на территории Глазуновского сельского округа, Костанайского района, Костанайской области.

Покупная цена вносится в течение 10 календарных дней после проведения торгов. Торги состоятся 10.03.2015 года в 09.30 по адресу: Костанайский район, с. Глазуновка, ул. Школьная 4. Заявки принимаются в рабочие дни в срок до 17.00 часов 06.03.2015 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, Костанайский район, п. Затобольск, улица Школьная., 52/2, тел. 87078053724.

Денсаулық



Ахуалы артқан аурухана

Алтынсарин аудандық ауруханасында бүгінде «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы аясында, жалпы ұлт денсаулығын жақсарту бағытында да тиісті шаралар қолға алынған. Әсіресе, бағдарламаның басты бағыты болып саналатын, яғни халықты скринингтік тексеруден өткізу, өлім-жітімді азайту, ана мен бала денсаулығын жақсарту, тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, сондай-ақ, маман тапшылығын жою мақсатында да біраз жұмыстар атқарылған көрінеді. Бас дәрігер Айман Оразбаеваның айтуынша, 14 мыңға жуық тұрғынға қызмет көрсетіп отырған аудандық аурухананың бүгінгі ахуалы жақсы, қажетті құрал-жабдық пен медициналық қондырғылар жеткілікті, кадр мәселесі де біртіндеп шешіліп келеді. Бір сөзбен айтқанда, алтынсариндіктердің сапалы медициналық ем алуына барлық жағдай жасалған.

— Әрине, кез келген емдеу мекемелеріне, әсіресе аудандардағы ауруханаларға артылар жүк үлкен. Себебі, әркім қалаған ауруханасына баратындай бізде қаладағыдай толып жатқан емдеу мекемелері жоқ, ауданның да, шалғайдағы ауылдың да басы ауырып, балтыры сыздаған кез келген тұрғыны бізге келеді. Сондықтан, біз де өзімізге жүктелген міндетті үлкен жауапкершілікпен атқаруға тырысамыз. Қарамағымдағы мамандарға да ауруына ем іздеп келген науқасқа ең бастысы дәрігердің көңілі мен мейірімі қажет, сондықтан әр сырқатқа жылы жүзбен қарап, емдеу процесінде де немқұрайлылық танытпай, зор жауапкершілікпен қарауды үнемі айтып отырамын, — дейді Айман Қабдолқызы.

Жоғарыда айтылған «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы аясында қолға алынған скринингтік тексерулер арқылы бүгінде көптеген аурулардың алдын алуға, не ерте анықтауға мүмкіндік зор. Алтынсариндік



ақхалаттылар да бұған үлкен мән береді. Бүгінде аудан бойынша 11 804 адам скринингтік тексеруден өткен. Дегенмен, мамандар аудан тұрғындарының скринингтік тексеруге шақырғанда дер кезінде келгендерін де қалайды. Өйткені, дәрігерлердің сөзінше, батпандап кіріп, мысқылдап шығатын көптеген аурулар ешқандай ауырсыну белгісі білінбей-ақ дами береді, ал оларды осындай арнайы тексерулер арқылы ғана анықтауға болады.

Медицина саласындағы кадр тапшылығы мәселесі еліміз бойынша басты ауыртқан проблемалардың бірі екені рас. Бірақ, соңғы кездері бұл мәселе де ақырындап өз шешімін тауып жатыр. Аудандық ауруханада мамандар жеткілікті, дегенмен анестезиолог пен көз

дәрігері қажет көрінеді. Ал, ауылдық жерлердегі маман тапшылығының орнын толтыру мақсатында аурухана басшылығы Арқалық пен Қостанай қаласындағы медициналық колледждерге тапсырыс беріп қойыпты.

— Әрине, кадр мәселесі бәрін шешеді. Бірақ, бізде айтарлықтай маман тапшылығы орын алып отырған жоқ. Өткен жылы бізге ерлі-зайыпты жас мамандар келді. Екеуі де Қарағандының медициналық университетін хирург мамандығы бойынша тәмамдаған. Бүгінде біз оларды пәтермен де, бір реттік көтерме жәрдем-ақымен де қамтыдық. Жыл сайын осындай жас дәрігерлердің келуі мен білікті мамандарымыздың арқасында әлеуметтік маңызы бар аурулардың да көрсеткіші төмендеді. Сондай-ақ, біздегі дәрігерлердің дені ұзақ жылдардан бері еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі мамандар. Тіпті, зейнеткерлікке шықса да, әлі күнге дейін еңбек етіп жүрген мейлінше мамандарымыз баршылық, — дейді Айман Оразбаева.

Соңғы жылдары аудандық ауруханада заманауи медициналық құрылғылармен ғана емес, техникалық жабдықтау жағынан да оң өзгерістер бар. Қазіргі күні орталық аурухананың 18 медициналық көлігі бар екен, соның 12-сі ауылдық жерлерде. Бас дәрігердің айтуынша, 2013 жылы республика қазынасынан бөлінген 17,5 млн. теңгеге реанимация көлігі сатып алыныпты. Осы көліктің арқасында қазір шалғай ауылдардағы ауыр халдегі сырқаттарды тасымалдауға да мол мүмкіндік туған. Мұның сыртында аурухана өз қаржысына және аудандағы «Зуев», «Парасат» серіктестіктері бөлінген қаражаттың арқасында құны 5 млн. 300 мың теңге тұратын жедел жәрдем көлігіне де қол жеткізген.

Алтынсарин ауданы.

• ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Ашығудың кереметі

Ашығу дегеніміз — белгілі бір мерзім аралығында ішіп-жеуден бас тарту арқылы емделу тәсілі. Ашығудың ғылыми негізі де әлдеқашан дәлелденген. Жалпы, ашықтыру емі сусыз, тағамсыз жүзеге асса, онда толық ашығу болып саналады. Мерзіміне қарай ол мынадай түрлерге бөлінеді: қысқа мерзімді (1-3 күн, бір апта, он күндік), ұзақ мерзімді (бір ай, 40-50 күндік). Осы уақыт аралығында денені барлық қалдық атаулыдан, улы заттардан тазарту көзделеді. Ашығуды дұрыс іске асырған жағдайда ол сіздің ағзаңызды барлық керексіз улы заттардан тазартып, денсаулығыңызды шындейды, жасушаларды жаңартып, күш-қуатыңызды арттырады. Ішекті де тазалайды. Ал, адамның іші үнемі қатып, үлкен дәреті уақтылы шықпай жүрсе көптеген келеңсіздіктерге ұрынады. Ашығу тек қана қан-тамырлары мен түтікшелердің жағдайын жақсартып қоймай, қартаю ағымын да саябырлатады.

Ашығу көбіне мына ауруларға ем: жүрек-тамыр ауруларына, асқазан-ішек, буын, тыныс жүйелеріне, аллергия, 2 түрдегі қант диабеті, жүйке жүйесі қызметі бұзылуында, тері ауруларына, психикалық ауытқушылықтарға, диспепсия, іш қату, бауырдың қатаюы, соқыр ішектің қабынуы, бауыр қабынуы (гепатит), гастроэнтерит, ревматизм, семіздік, шорбуын (ар-

“Ауру-сырқаудан сау дене дұрыс рухтың жемісі болып табылады”.

Б.ШОУ.

трит), демікпе, жоғарғы қан қысымы, шөмен (водянка), ишиас, қояншық, ұйқысыздық, әлсіздік, сал ауруының барлық түрлері, бас аурулары, бас сақинасы, өкпе қабынуы, артық салмақ, бронхит, өкпе қабығы ауруы (плеврит), безгек, тонзилит, сүзек, тамырлардың түйнеліп кенеюі, құлақ аурулары, қатерлі ісік, миқұрт (менингит), аденоидтар, жарық (грыжа), өт қабына тас байлану, қуықтың қабынуы (цистит), созылмалы іш өту, тік ішек аурулары, жүйке сал ауруы, қаназдық т.б.

Мұны да ескерген жөн: Алайда, кейде ашығуға болмайтын жайттар да кездеседі. Мәселен, энцефалопатия (ми жүйесінің әлсіреуі) анықталса, қарттық шақ (60 жастан жоғары), дене әлсіреген кезде, соматикалық аурулардың қабынған кезінде, қандай да бір түрдегі қатерлі ісік белең алғанда, жүрек стенокардиясына, жүректің ишемиялық ауруларына, жүрек пен бүйректің органикалық ауруларына, қан айналымы мен тыныс алудың асқынған жағдайында, өткір құрт ауруына (туберкулез), бақшаңкөз (зоб), қан аурулары, жұқпалы полиартритке (бруцеллез) шалдыққанда ашығуға мүлде болмайды.

Ашығудың айтарлықтай қиындығы жоқ: бар болғаны, сабыр сақтап, ауызды астан тыя білсеңіз жеткілікті. Ашығу кезінде тек қана дистилляцияланған (буландыру әдісімен) су қабылданады. Қанша ішем десе де су мөлшері науқастың өз еркінде. Алайда, ағзаға басқа ешқандай тағам қабылдауға бауы тиіс. Мамандар ұзақ мерзімді ашығуға тәуекел етердің алдында әуелі қысқа мерзімді ашығуларды бастан өткерудің пайдалы екендігін айтуда. Ашығу міндетті түрде маманның бақылауымен жүзеге асуы тиіс. Неге десеңіз, кейде алғашқы күндерде-ақ денеден улы заттар өте көп шыққан жағдайда ашығуды үзуге тура келеді. Ал, ұзақ мерзімді ашығу кезінде артық қимылға бармаған жөн. Сондай-ақ, ашығу кезінде дәрі қабылдауға, темекі тартып, спиртті ішімдік ішуге қатаң тыйым салынады. Қайта таза ауада көп жүру, жылы ванна қабылдау, тазалық клизмасы мен тыныстау жаттығуларын жасап тұру пайдалы.

• БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ...

Балды ем ретінде қолдану

Балды, әсіресе, бауыры және өт жолы ауыратын адамдар көбірек пайдаланады. Оны белгілі бір мөлшерде ақ ірімшікке (творог), сәбізге, лимон шырынына қосып жеген дұрыс. Кейде тұрыптың (редька) ішін үңгіп, оған балды толтырып қойып, үш-төрт сағаттан соң дайын болған шырынды өт жолы ауыратын ересек адамға ас қасықпен, ал балаға шәй қасықпен күніне 2-3 рет беру керек. Мұндай әдіс өт жолы мен бүйрекке құм, тас жиналудан сақтайды. Сондай-ақ, бір стакан сәл жылытылған минерал суына бір ас қасық бал қосып, оны аш қарынға ішіп, бір жарым, не екі сағаттай қырынан жатып, бауырға аса ыстық емес грелка басқан жөн. Сонда бауырда жиналып қалған өттің асқазанға қарай ағып өтіп, бауырдың жеңілденуіне әсер етеді. Балды үккіштен өткізілген сәбізбен қосып, банкіге салып біраз уақыт қойса, әбден еріп, сәбіздің шырынына қосылып, тосап сияқты өте тәтті тағам болады. Оны, әсіресе, бауыры, өт жолы ауыратындар ем ретінде пайдаланса, шипалық қасиеті мол. Бал қосылған сәбіздің құрамында каротин деп аталатын дәруменді зат жақсы сақталады. Балды лимонға араластырып сақтаса, бүйрегі, бауыры, өт жолы ауыратындарға өте пайдалы.

Бетті дайындаған

Қарлығаш ОСПАНОВА



●ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН ЕСІМДЕР

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен қара жерге кірер денең, —
деп Абай атамыз жырлағандай, ес
білгелі халық өңдерінен нәр алып, дала
серілері Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырай,

үйлі-баранды, кішкентайлары бар екен.
Мен әлі сұрбойдақпын. Мен оған:
— Атың қызық екен, Әбілахат...
Әбілхаят.
— Сенің атың да қазақтың төл аты

Көңіл Құсы

Әсем ӘН

Балуан Шолақ, Сегіз серінің әндерін
тыңдап өскен болашақ өнер иесі адам
бойын баурап алар сиқырлы әуен же-
тегіне еріп, ой-өрісін кеңейтеді.

Жомарт Қостанай даласының ты-
ныс-тіршілігіне бір сәт құлақ түріп, ер-
келей ескен самал желдің, сыбдырлаған
жапырақтың, сылдырай аққан бұлақ
үні мен алуан түрлі әуенге салған
құстар әнін тыңдау саналы адамға ой
салса керек.

Ал жанынан ән шығарып, тыңдаушы-
сын тамсандырған ерекше дарын
иелерінің шабытты шақтары бір ғани-
бет қой.

Бүгінгі әңгіме еткелі отырған өнер
иесі халқымыздың ән өнеріне айшық-
ты із қалдырған, шығармалары бабалар
үнімен жалғасып жатқан композито-
рымыз — Әбілахат Еспаев.

Әрине, ән шығару, тыңнан жаңа
дүниені өмірге әкелу оңай емес. Бұл
ақын мен композитордың тақырыптың
беймәлім сырына бойлай білген жан-
кешті еңбегінің жемісі.

Өмірге ғашық бала жүрек дала
төсінен өнер сауып, аяулы анасы Зыли-
ханың домбырамен қосыла салған әсем
әндерінен нәр алған.

Әбілахаттың әкесі Смағұл атақты
Ыбырай Алтынсаринмен аталас, ағай-
ынды адам екен. Содан болар ол кісі де
бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген
ауыл адамы болатын. Анасы жастай
қайтыс болған соң, ашаршылық жыл-
дары саяси өзгерістен сескенген Смағұл
алты жасар Әбілахатты ертіп, кіндік
қаны тамған туған жері Қостанайдан
Меркеге, кейін Шу ауданының "Алға"
ауылына қоныс аударады. Сөйтіп
қасиетті Әулиеата жері Смағұл қария
әулетінің тамыр жайған құтты мекені-
не айналады.

Әбілахат мектеп бітірер жылы ұста-
зының өлеңіне "Туған ел" әнін шығар-
ғанда ауыл адамдары бірден үйреніп
алып, әуелете сырқаған деседі.

Көкірегіңде тұнып тұрған өнер ха-
лықтың киелі үніне ұласқан Әбілахат
бұғанасы қатпаса да 1943 жылы ерлер-
мен бірге Ұлы Отан соғысына аттана-
ды. Кейін сол жылдарды толғана еске
алып, "Днепр туралы жыр" әнін шыға-
рады. Бұл әннің өлеңін ақын Сырбай
Мәуленов жазған-ды.

Соғыс кезінде Ресейдің Могилев
қаласындағы жоғары әскери училищені
бітірген ол үш жылдай Кавказда аймақ-
тық әскери академияда ұстаздық етеді.

Әбілахат әскерден оралған соң
ауылға келіп, ұстаздық еңбегін жалғас-
тырады. Көп ұзамай Назым есімді қыз-
бен бас қосып, отау құрады. Жан дү-
ниесіне маза бермеген жастықтың оты
лаулаған әсем әндер біртіндеп өмірге
келеді. Білімсіз өнер ұштаудың қиын
екенін түсінген Әбілахат 1951-53 жыл-
дары Алматы консерваториясына Васи-
лий Великановтың класына оқуға
түседі. Алматыда пәтер жалдап тұра-
тын болашақ композитор балалы-ша-
ғалы болған соң оқуын әрі қарай жал-
ғастыра алмай, Қазақ радиосының му-
зыка редакциясына қызметке орнала-
сады. Бұл туралы ақын Мұзафар
Әлімбаев:

— Қазақ радиосының музыка редак-
циясының бастығы Мақсұтбек Майше-
киннің кабинетінде Әбілахат Еспаевпен
жақынырақ таныстым. Майдангер
офицер екен. Жасы менен бір жас кіші,

Композитор Әбілахат Еспаевтың туғанына 90 жыл

емес қой, — деді Әбілахат.

— Сенің атың тым айғайлап тұр екен,
өміршең құдай, ғұмырлы құдірет —
дедім.

— Пай, пай, әсем ән шығаратындар,
менсіз де аспанға самғайды, менсіз де...
— деді ол.

— Құдай қосса өнерімен аспанға
самғайтынның өзі, осы Әбілахат! — деді
Мақсұтбек.

1954 жылға дейін жастықтың сейіл-
серуенінде жиі кездесіп, дуылдасып
жүргенмен "менің өлеңіме ән жазшы"
деп мен де қиылғаным жоқ.

Менің Әділхан Қайыржанов деген
аяулы досым болды. Соған әзілдеп шы-
ғарған өлеңім еді. Мен бұл өлеңімді до-
сымның альбомына жазып бергем. Ол
"Өзің де жігіт қызықсың" деген өлең.
Бір күні түскі ас ішуге Әбілахат,
Сыдық үшеүміз кафеге бара қалдық.
Әңгіме барысында Әділхан жайлы ай-
тылғанда есіме түсіп, Сыдық пен
Әбілахат ән жазбақшы болды. Жырым
келте болған соң ортасын бір ауыз
қосып алды. Екі ән осы күнге дейін ай-
тылады. Бірі жиі, бірі сирек. Осыдан
кейін Әбілахат екеуміздің өнер ынты-
мақтығымыз басталды.

Әбілахат әндеріне мен онша көп жа-
зған жоқпын. "Жаңағар дала", "Біздің
ауыл қыздары", "Біз кешегі солдаттар"
және тағы басқа әндер.

Көп болып шөп болғанша, аз болып,
саз болғаны жақсы ғой, — деп еді.

Әбілахат вокалдық музыка жанрын-
да ән-романс, баллада, хорға арналған
шығармаларды көп жазды. Оның "Мар-
жан қыз", "Әлі есімде", "Сағыныш екен
бала кез", "Жайық қызы" (З.Қабдолов),
"Ақ сәуле" (сөзі Қ.Аманжоловтікі),
"Қазақ частушкасы" (М.Әлімбаев),
"Шофер келді қырманға" (Т.Ысмайы-
лов), "Қыз қуу" (Қ.Шаңғытбаев),
"Бейбітшілік сақталады" (Н.Шәкенов),
"Республика туралы жыр" (І.Мәмбе-
тов), "Торғай толғауы", "Жанкедін от-
рядының әні" (Ғ.Қайырбеков), "Солдат
сәлемі" (Н.Шәкенов), "Тобыл толқыны"
(С.Тұрғынбеков), "Сағыныш екен бала
кез" (О.Әубәкіров), "Өзің де жігіт,
қызықсың" (М.Әлімбаев), "Қыз әзілі"
(Қ.Шаңғытбаев), "Жігіт жауабы"
(Ә.Жәмішев), "Ұстазым" (Н.Шәкенов),
"Қайдасыңдар, достарым" (Ә.Дүйсенби-
ев) әндерінің қай-қайсы мыңдаған тың-
даушының жүрегінде жатталған сәтті
туындылар.

Әннің бағын ашу әншіге байланыс-
ты десек, әнші Зейнеп Қойшыбаева
Әбілахат әндерін шебер орындай білді.
Зейнеп апай көзі тірісінде композитор
жайлы айтқан естелігінде:

"Мен Әбілахат ағаны ән салып, сах-



наға шыға бастағаннан білемін. Ағайдың
әндерінің жеңіл орындалуы, айтар ойы,
жетер биігі маған түсінікті де және
менің ән өлкесіндегі өрісіме жақын. Сон-
дықтан да мен Әбілахат әндерін әр уақыт
сүйіп орындаймын. Композитордың ай-
тар ойын тыңдаушыға толық жеткізуге
тырысамын. Құстың екі қанаты секілді
әнші мен композитор әрдайым ынтымақ-
тас, одақтас болуы керек. Сонда ғана
композитор халық көңілінен шығатын
әндер жазады. Ондай әнді әншілер құмар-
лана айтып, композитор өрнектеген әнді
айнытпай түсіруге тырысады" деп еді.

Кезінде халық композиторы Нұрғи-
са Тілендиев: "Әбілахат әннен тау
тұрғызды. Ол ұлы композитор" деп да-
рындылығын мойындаған болатын.

Әбілахат Еспаевтың "Одағым бақыт
ордасы" әні өз кезінде Мәскеуде өткен
ән байқауында жеңімпаз атанса, "Мар-
жан қыз" әні Жапон елінде арнайы
күйтабақта жарық көрді.

Композитор драмалық шығармаға му-
зыка жазды. Бейімбет Майлиннің
"Шұға", Қасым Аманжоловтың "Досым-
ның үйленуі", Садықбек Адамбековтың
"Күн мен көлеңке", Әбділдә Тәжібаевтың
"Той", Иса Байзақовтың "Ақбөпе" поэма-
сы бойынша қойылған спектакльге әуен
жазып, көпшілік көңілінен шықты.

Әбілахат Еспаевтың "Әндер", "Ақ сәу-
ле", "Таң жұлдызы" атты ән жинақтары
әр жылдары баспадан жарық көрді.

Өнер иесінің Абай өлеңдеріне жазған
"Өзгеге көңілім тоярыс", "Мен сәлем
жазамын", "Ішім өлген сыртым сау", "Ба-
рарсың қайда, қайда сен", ән-романста-
ры Абай әндерімен үндес. Сондай-ақ
"Гүлденген өлке", "Қазақстан нұрлы
аймақ", "Сәулетті Қазақстан" секілді ән-
хоры бар.

Әбілахат Еспаевты алғаш дарын иесі
деп таныған белгілі композитор Латиф
Хамиди жас талапкерге ақ жол сілтеп,
табиғи дарындылығын мойындаған.

Әбілахат пен Назымның тәлім-
тәрбиесін көрген бес бала Сейітжан, Бо-
лат, Гүлмира, Гүлсім және Кәукен әке
жолын құмады, олар басқа саланың жо-
ғары білімді мамандары.

Әке жайлы сөз қозғағанда Гүлсім
былай деген-ді:

— Әкеміз қатты сөйлемейтін адам еді.
Бір-екі сөзбен ойын жеткізетін. Бізге
жақсы тәрбие берді, өмірде таза өмір
сүру керек дейтін. Онысы — адам-
гершілігің мол болып, шыншыл, тура
жолдан таймай, әрдайым кісілігіңді жо-
ғалтпауың қажет дегені шығар.
Әкеміздің бір айтатыны, "біреу есік
қақса, қорықпай аш" дейтін. Онысы
қиындықтан қорықпа дегені шығар деп
ойлаймын. Және де бір айтқаны "адам-

дардың артында қалма, алдына да шығып
кетпе, орташа бол" дейтін. Мен кішкене
кезімде осыны түсінбеуші едім. Бұнда да
үлкен философиялық ой жатыр екен-
ау...

Әкем тумысынан ақжарқын адам еді.
Музыканы жазып отырғанда толқып
ерекше күйге түсетін... Ән келгенде ыс-
қырып отырып нотаға түсіретін. Сосын
бөлмесіне кіріп, есігін жауып, алаңсыз
ән шығаруға кірісетін. Біз ешқашан
бөгет болып көрмедік. Өмірімде бір рет
руқсатсыз бөлмесіне кіріп барғанда селк
етіп шошып кетті. Онысы музыкаға
беріліп, ой құшағына кеткен сәтінде
ойын бөліп жібергендіктен де болар деп
ойлаймын. Әкем өте ұқыпты жан еді.
Қағазы үнемі реттеулі тұратын. Радио-
да істегенде өз шығармаларын әуе толқы-
нынан бергізбейтін. Артық әңгімені
ұнатпайтын.

Шәмші ағамыз әкемізден бес жас кіші
болған. Ол кісі әкемізді ұстаз ретінде
құрмет тұтатын. Осы үйдің үлкен ұлы-
мын деп күліп отырушы еді. Шәмші ал-
ғашқы әндерін әкеме тыңдатып, нотала-
рын көрсетеді. Сонда әкеміз "қандай да-
рынды композитор" деп, өнеріне басын
иіп отыратын. Әкемнің жан досының
бірі — Нұрсұлтан Әлімқұлов еді. Екеуі
көп әндерді бірге жазды. Өмірбек Бай-
ділдаев деген ағамыз әкеміздің досы. Ол
кісі тірі кезінде кітап жазыпты. Бірақ
оны шығара алмаған. Соны Өмірбек
ағамыздың әйелі Кәмила бізге тапсыр-
ған. Мақсатымыз жақсылап қарап шы-
ғару. Әкемнің әндерін жастар көбірек
орындаса екен деп ойлаймын. Баяғыда
Нұрғиса Тілендиев айтатын:

— Әбілахаттың бақыты — осы На-
зым — деп.

— Екі жақсы қосылмайды деуші еді,
екі жақсы кездесіп, осындай да жара-
сымды жұп болады екен-ау, аса риза бо-
лып отырмын, — деуші еді жарықтық....

Биязы мінезді, үлкен адамгершілік
иесі Әбілахат Еспаев аса балажан еді.
Содан да болар, "Ортеке", "Біздің класс",
"Бесік жыры", "Сыңғырлай бер, қоңыра-
уым" және циклды "Жыл он екі ай"
әндерін жазған.

Қазақ радиосының "Жауқазын",
"Өрендер", "Ойлан тап" журналдарын
көркемдеген көптеген әуендер Әбілахат
ағамызға қолқа салып жаздырған шығар-
малар еді.

Әбілахат Еспаевтың шығармашылық
шабытынан туған екі жүз елуден астам
әннің көпшілігі біздің алтын қорымызда
сақтаулы. Оны Роза Бағланова, Ришад
және Мүсілім Абдуллиндер, Жамал Ома-
рова, Сара Тыныштығұлова, Суат Әбу-
сейітов және Байғали Досымжанов сын-
ды белгілі әншілеріміз шеберлікпен
орындай білген. Сөзімтал да ыстық
жүрекпен жазылып, зерделі ойды аша
білген лирикаға толы сыршыл әндерді
тыңдай отырып :

Жақсы әнді тыңдасаң ой көзімен,
Өмір сәуле түсірер судай тұнық, —
деген өлең жолдары еріксіз ойға орала-
ды. Сүйініш пен күйініш, достық
көңілдегі әзіл, отанға деген сүйіспенші-
ліктен туған Әбілахат әндері ұлттық
баяуы қанық, өміршең шығармалар.

Өнер табиғилығымен құнды. Халқы-
мыз шын асылын көздің қарашығындай
сақтайды. Сондықтан композитор
Әбілахат Еспаевтың әндерін біз келешек
ұрпақтың рухани азығы демекпіз.
Әбілахат әндері таусылмайтын бұлақ,
аласармайтын тау сияқты биік әрі баға
жетпес қазынаға айналған тамаша туын-
дылар. Өмір көпші ұзаған сайын асылға
айналған өнер иесінің жарқын бейнесі
көктегі жарық жұлдыздай жарқырап,
асыл өнердің шоқтығы биіктей бермек.

Алтын ИМАНБАЕВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, ҚР Мәдениет қайраткері,
Қазақстан Журналистер одағы
сыйлығының лауреаты, Қазақ
радиосының "Алтын қор" бөлімінің
жетекшісі.

"Арқалық қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірыңғай конкурстық комиссиясы "Арқалық қаласы, Көктау ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы, санаты Е-Г-3 бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Халықты жұмыспен қамту бағдарламасының құжаттарымен, әкімшіліктегі отырыстардың хаттамалары, құжаттары, нотариалдық құжаттар, көпбалалы аналармен жұмыс жасау, 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақының және мемлекеттік әлеуметтік арнайы көмек құжаттарын дайындау. Жеке тұлғалардан салық түрлерін жинау. Азаматтық хал актілерін тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру, ауылды көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстары. Жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу, журналдарын жүргізу. Кедейшілік пен жұмыссыздықты төмендету жұмыстары, шешімдер мен өкімдерді тіркейтын журналдарды жүргізу, ауыл әкімінің шешімі мен өкімдерінің уақытылы рәсімделуі және олардың орындалуын қадағалау, орындаушыларға уақытында жеткізу. Мұрағатпен жұмыс жасау.

Мемлекеттік қызметтерді уақытылы және сапалы көрсетуді ұйымдастыру. Іс қағаздарын жүргізу. Әскери есеп. Ауыл тұрғындарының жиналыстарының хаттамалары мен құжаттары және ұйымдастыру жұмыстары.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары білім (педагогикалық, заңгерлік, экономикалық, ауылшаруашылық, мемлекеттік және жергілікті басқару, кеңсе ісін жүргізу және мұрағаттану).

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы күрес туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыруды соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** "Арқалық қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне

мына мекенжайға: Арқалық қ., Абай даңғылы, 29, 807 кабинет, анықтама телефоны 8 (71430) 7-02-32, факс 7-02-01, электрондық мекенжайы a.kalyk@kostanay.gov.kz, b.mukusheva@kostanay.gov.kz ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын өңімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Өңімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды өңімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 күн ішінде** "Арқалық қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар өңімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысушылардың (өңімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

●ҚҰТТЫҚТАУ

Мерейтой-60!

Асыл жар, сүйікті әже, қымбатты анамыз **ДОСМУХАНБЕТОВА Бәтиманы** туған күнімен құттықтаймыз!

Құтты болсын қуанышты күніңіз, Бақытты боп ортамызда күліп-ойнап жүріңіз.

Біздер үшін ардақтысыз, бәйтерексіз, панасыз, Балаларға, немереге әрі әже, анасыз. Ашық болсын, ұзақ болсын жолыңыз, Аман болып ортамызда ұзақ өмір сүріңіз.

Ізгі тілекпен: жолдасы Базылхан, балалары, келіндері, күйеу балалары, немерелері.



"Новотроицк-1" ЖШС 2015 жылғы 12 наурыз сағ. 09.00-де мына мекенжайда: Қарабалық ауданы, Новотроицк селосы, "Новотроицк-1" ЖШС кеңсесінде қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы болатынын хабарлайды.

Күн тәртібінде (мәселе):

1. Негізгі қаражатты алу үшін 170 000 000 теңге сомасында заемдік қаржыны ресімдеу мәселесі бойынша "Еуразиялық Банк" АҚ-ға жүгіну туралы.

2. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін АШМ-не жүгіну.

3. Міндеттемелерді тиісінше орындауды қамтамасыз ету ретінде "Еуразиялық Банк" АҚ-ға да жылжытын мүлікті кепілге ұсыну.

4. "Новотроицк-1" ЖШС-нің "Еуразиялық Банк" АҚ алдындағы міндеттемелері бойынша кепілдікті ұсыну үшін "Максут-Н" ЖШС, "Новотроицк-2008" ЖШС, "Уркаш-Н" ЖШС, "Еңбек-1" ЖШС, "Станционный" ЖШС-не жүгіну;

5. Директорға осы шешімді орындау үшін қажетті барлық келісімдерге қол қою өкілеттігін беру.

ТОО "Новотроицк-1" сообщает, что 12 марта 2015 года в 09.00 часов по адресу: Карабалыкский район, село Новотроицкое, контора ТОО "Новотроицк-1" состоится внеочередное общее собрание участников.

Повестка дня (вопроса):

1. Обратиться в АО "Евразийский Банк" по вопросу оформления заемных средств в сумме до 170 000 000 миллионов тенге на приобретение основных средств.

2. Обратиться в МСХ по вопросу субсидирования ставки вознаграждения.

3. В обеспечение исполнения обязательств предоставить в залог АО "Евразийский Банк" движимое имущество.

4. Обратиться к ТОО "Максут-Н", ТОО "Новотроицк-2008", ТОО "Уркаш-Н", ТОО "Еңбек-1", ТОО "Станционный" за предоставлением гарантии по обязательствам ТОО "Новотроицк-1" перед АО "Евразийский Банк"

5. Наделение Директора полномочиями на подписание всех договоров, необходимых для исполнения настоящего решения.

"Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірыңғай конкурстық комиссиясы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. "Алтынсарин ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысының орынбасары, санаты Е-Р-2, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 98 016 теңгеден 132 611 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

Ішкі саясат мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты орындауды қамтамасыз ету. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын орындау жөнінде жұмысты ұйымдастыру. Аудандық бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу және ұйымдастыру, олардың орындалуына сараптама жүргізу. Бөлімде кадр жұмысын, іс жүргізуді жүргізу. Іс-шаралар, жиналыстарды әзірлеуді қамтамасыз ету. Жергілікті уәкілетті және атқарушы органдармен, сондай-ақ жоғары тұрған ұйымдарға есептер, ақпараттық аналитикалық мәліметтерді әзірлеу. Аудан аумағында қоғамдық-саяси және әлеуметтік ахуалға мониторинг жүргізу. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне есеп жүргізу. "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" 1-ТӨ нысаны бойынша есеп беру. Діни бірлестіктермен қатынасты реттеу саласында заңнаманы жүзеге асыру. Үкіметтік емес ұйымдармен, жастар, діни бірлестіктермен, саяси партиялармен өзара байланыста болу және бақылауды жүзеге асыру. Ақпараттық-насихаттау тобының жұмысын ұйымдастыру. Ауданның ресми сайтына ақпараттық сүйемелдеуге бақылау жүргізу. Қоғамдық келісім кеңесінің жұмысын ұйымдастыру.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Жоғары білім, әлеуметтік ғылым, экономика және бизнес (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) құқық (юриспруденция), педагогикалық (білім, гуманитарлық).

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазым-

ның функционалдық бағытына сәйкес салаларда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы;

3) жоғарғы және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғарғы оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің бар болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

2. "Алтынсарин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің кәсіпкерлік секторының меңгерушісі, санаты Е-Р-3, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 74 313 теңгеден 99 938 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

Сектор жұмысын басқарады және ұйымдастырады және секторға жүктелген тапсырмалардың орындалуына дербес жауап береді және қызметін жүзеге асырады. Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму мониторингін және қорытындысын ұйымдастырады. Кәсіпкерлік мәселелері бойынша жоспар және бағдарламалар, іс-шара әзірлеу бойынша ұсыныс және кепілдемесі әзірлеуге қатысу. Шағын бизнес субъектілерінің қатысуымен сату-көрмесі және жәрмеңке ұйымдастыру, нарықтың инфрақұрылымын дамыту бойынша іс-шара; атқарушы органдардың жос-

пары және іс-шара, мемлекеттік және басқа да бағдарламаларды жүзеге асыруға қорытынды жүргізуге қатысады.

Кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын алға жылжыту және қорытынды, іріктеу бойынша жұмыс ұйымдастыру. Біріккен іс-шаралар өткізу (жиналыс, конференциялар, дөңгелек столдар).

Заңнамалық бойынша бизнес-жоспар құру мәселелері бойынша консультативтік және методикалық көмек беру. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен түскен өтініштер және шағымдар бойынша жұмыс (ШКС). Шағын несиелік серіктестіктермен, шағын несие беретін селолық ұйым серіктестіктерімен, облыстағы екінші деңгейдегі банктермен қарым-қатынас жасау. Ауданда экономикалық бағдарламаны жүзеге асыру мәселесі бойынша зерттеу және әлеуметтік сауал жүргізуді өткізу, көпшілік ойын зерделеу, құқыққа, ұсыныс және кепілдемесі негізінде әзірлеу. Комиссия жұмысына, іс-шара, бағдарлама әзірлеуге қатысады.

Қолданыстағы заңнамалықтар мәселесі бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілері, тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын өткізеді.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Жоғары білім, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару), ауыл шаруашылық ғылымдары, құқық.

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы;

3) жоғарғы және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің бар болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет тура-

лы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс комиссиясын қалыптастыру Қағидалары (бұдан кейін - Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** "Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің кадр қызметі бөліміне тапсырылуы тиіс. Мекенжайы: Алтынсарин ауданы, Обаған ауылы, Ле-

нин көшесі, 4. 110100, Алтынсарин ауданы, Обаған ауылы, Ленин көшесі 4, анықтама телефоны: 8(71445) 49-027, факс 34248, электрондық мекенжайы: altynsar@kostanay.gov.kz.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын өңімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей ұсынады.

Өңімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды өңімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **5 күн ішінде** "Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурстық комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурстық комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар өңімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады. Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығындарын (өңімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жерді жалдауы, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

"Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" ММ "Б" корпорациясының мынадай әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. 1 бірлік көлеміндегі инвестициялық саясат бөлімі басшысының (уақытша, штаттық қызметшінің бала күтімі бойынша демалыс мерзіміне) D-O-3 санатты бос әкімшілік мемлекеттік лауазымы. Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейін.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: білімі жоғары экономикалық.

Еңбек өтілі келесі талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орынынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Функционалдық міндеттер: облыстық бюджеттің бекітілген бағдарламалары бойынша әлеуметтік-экономикалық даму болжамын және бюджеттік параметрлерді әзірлеуге қатысу. Облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті өзгертуге арналған бюджеттік өтінімдерін қарау, олар бойынша облыстың бюджеттік комиссиясының отырысына қорытындылар дайындау. Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбелерін қалыптастыру. Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздеме-лерінің, қаржылық-экономикалық негіздемелерінің және инвестициялық ұсыныстарының экономикалық сараптама-ларын мен экономикалық қорытындыларын қарау және дайындау.

2. 1 бірлік көлеміндегі білім, мәдениет, спорт және бұқаралық ақпарат құралдарының шығыстарын жоспарлау бөлімі басшысының D-O-3 санатты бос әкімшілік мемлекеттік лауазымы. Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейін.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: білімі жоғары экономикалық.

Еңбек өтілі келесі талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орынынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Функционалдық міндеттері: бес жылдық кезеңге арналған (білім,

мәдениет, спорт және бұқаралық ақпарат құралдары бойынша үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік параметрлері бар) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын, үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджет пен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы ресми трансфертер көлемдерінің жобасын әзірлеуге қатысу. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары мен бюджеттік өтінімдерін, бюджеттік бағдарламаларына және бюджеттік өтінімдеріне өзгерістер мен толықтырулар жобаларын қарастыру, олар бойынша облыстың бюджеттік комиссиясының отырысына қорытындылар жасау. Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы ағымдағы трансферттерді бөлуге қатысу. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті өзгерту туралы бюджеттік өтінімдерін қарау, олар бойынша облыстың бюджеттік комиссиясының отырысына қорытындылар жасау.

3. 1 бірлік көлеміндегі сыртқы экономикалық байланыстар бөлімі бас маманының (уақытша, штаттық қызметшінің бала күтімі бойынша демалыс мерзіміне) D-O-4 санатты бос әкімшілік мемлекеттік лауазымы. Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: білімі жоғары экономикалық. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

Функционалдық міндеттері: сыртқы экономикалық ынтымақтас-тық саласында облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуге қатысу. Халықаралық және өңірлік деңгейлер делегацияларының кездесулерін өткізу үшін материалдар және ақпараттар дайындау. Шекара маңындағы ынтымақтастық мәселелері жөніндегі форумдарға жұмыс материалдарын дайындау. Басқарманың Интернет-ресурсында орналастыру үшін сыртқы экономикалық қызмет жөнінде ақпараттар дайындау және оны жаңарту. Бекітілген істер номенклатурасына сәйкес бөлімнің іс қағаздарын жүргізу.

4. 1 бірлік көлеміндегі денсаулық сақтау және әлеуметтік бағдарламалардың шығыстарын жоспарлау бөлімі (уақытша, штаттық қызметшінің бала күтімі бойынша демалыс мерзіміне) D-O-4 санатты бос әкімшілік мемлекеттік лауазымы. Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: білімі жоғары экономикалық. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

Функционалдық міндеттері: бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын және бюджеттік өтінімдерін қарастыру, олар бойынша облыстың бюджеттік комиссиясының отырысына қорытындылар дайындау. Бекітілген бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті өзгерту туралы өтінімдерін қарастыру және олар бойынша облыстың бюджеттік комиссиясының отырысына қорытындылар дайындау. "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету" функционалдық тобы бойынша бюджет жобасын әзірлеуге қатысу.

Конкурс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар құжат тігілетін мұқабаға салынған құжаттарды (Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш, 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама, білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері, еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі, құжаттарды жатсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолда-рыстағы сертификат (немесе нота-риалды куәландырылған көшірмесі) **конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы рет жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде** қолма-қол тәртіпте немесе пошта бойынша береді.

Азаматтар көрсетілген құжаттарды басқарманың электрондық мекенжайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін көрсетілген құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді.

Құжаттар мынадай мекенжай бойынша ұсынылады: **Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ., 66, 411 каб. Анықтама телефоны 54-67-49, факс 54-78-99, e-mail: deibp@kostanay.kz.**

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оларға әңгімелесуге жіберу туралы ескерту жасалған күннен бастап **бес жұмыс күнінің ішінде** Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында әңгімелесуден өтеді.

Конкурстық комиссия жұмысының айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурстық комиссияның отырысында бақылаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялардың өкілдері, мемлекеттік қызмет істері бойынша уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Конкурстық комиссияның отырысына бақылаушы ретінде қатысу үшін тұлға әңгімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күннен кешіктірмей, басқарманың әкімшілік-құқықтық бөлімінде тіркеледі. Тірке-лу үшін тұлға көрсетілген бөлімге жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесін, ұйымдарға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Конкурсқа қатысу шығыстары (әңгімелесу өтетін жерге және кері қарай жол жүру, тұрғын үй-жай жалдау, тұру, барлық түрдегі байланыс қызметтерін пайдалану) азаматтардың өз қаражаттары есебінен жүргізіледі.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

2014 жылғы 5 наурызда елге қадірлі азамат, аяулы жар, қамқор әкеміз, атамыз **Шәйке Есмағамбетұлы ҚОНДЫБАЕВ** 88 жасында дүниеден өтті. Дүниеден өткеніне 1 жыл болған әкемізді сағынышпен еске ала отырып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, қабірі нұрға толып, орны пейіштің төрінде болсын демекпіз.

Биік едің ағайынға төбедей,
Қиындығын бұл өмірдің елемей.
Тура жолдан таймай еңбек еттіңіз,
Толқындарға қарсы жүзген кемедей.



Еңбегіңнің білді халық бағасын,
Ағайынның жалғай жүрдің арасын.
Немере мен шөбереге үлгі боп,
Бір буынға кеңес берген атасың...

Әкеміздің, атамыздың жылына орай 2015 жылғы 1 наурызда сағат 13.00-де Қостанай қаласы, Абай даңғылы, жаңа мешітте ас беріледі.
Қондыбаевтар, Жұматовтар, Қамзиндер отбасылары.

Еске алу

Жанкелдин ауданы Көкалат селосының тұрғыны асқар таудай аяулы әкеміз **Кәрімұлы Қайпенді** сағынышпен еске аламыз. Егер ортамызда болса, әкеміз 23 ақпан күні 76 жасқа толар еді. Асқар таудай әкемізді бүгін сағынышпен еске алу қандай мұңды, көкіректі қарсы айырар қандай қасіретті де-сеніңіз? Әкетай, жоқтығыңа әлі сенбейміз. Ойсырап қалған орныңды енді кім толтырады екен? Сергелдеңге түскенде бір ауыз сөзіңменен бар түйінімізді шешетінсіз. Алыстап арамыздан кетсең де, сіз біз үшін жол көрсететін, мәңгі сенбейтін шамшырағымызсыз! Асқақ армандарыңызды біз орындаймыз! Туяғыңыз – ұлың мен қыздарың тұрғанда Сіз ешқашан өлмейсіз! Көз алдымыздан кетсеңіз де көңілімізденсіз. Бақұл бол, әкешім. Алдың пейіш, артың кеніш болсын. Мәңгілік жарық үйің нұрға толсын!



Өмір деген өтіп кетер, бір күндік, Бітпейді ғой күйбеңменен бұл тірлік. Адам жылап келген кезде дүниеге, Зар жылатып кететіні бір шындық. Тоқтады бір тірліктің баспалдағы, Орындалмай қалғаны басты

арманы,
Әкетай бар болдың да, жоқ боп кеттің,
Жұлдызай ағып түсер аспандағы.
Асқар таудай шыңынан

жаратылған,
Әкетай биік бізге дара тұлғаң.
Әр қимылың келеді, көз алдына,
Сағыныштан күрсініп таң аттырған.

Іздейміз сағым құрған сар даладан,
Бір үміт мұңдалайды айдаладан.
Аяулы анамыздың серігі едің,
Біздерге әке едің аялаған.
Құр қалып мына өмірдің олжасынан,
Құрылған салтанатқа ордасынан.
"Хош" – деумен барлығына

кетсе бардың,
Осынау туған-туыс ортасынан.
Туған күнде тұнып тұр,
Тылсым лебіз,

Жеткізе алмай, бірақ та күрсінеміз.
Әкеміз аунап түсіп жатқан шығар,
Деген бір санамызда жүрсін негіз.

Еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.

Еске алу

Әкеміз **ЕСМАҒАМБЕТОВ Бейсенбай Сейтқанұлының** дүниеден озғанына 5 жыл толды, тірі болғанда ақпанның 26-да 60 жасқа толар еді. Әкемізді сағынышпен еске алып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дейміз.

Бес жыл өтті сен жоқсың арамызда.
Сен едің ғой қамқоршы панамыз да.
Аңқылдаған ақ көңіл жайдарлым-ай,
Сағынумен сені еске аламыз-да.

Иманың жолдас боп, жаның жәннаттан болсын.

Еске алушылар: жұбайы Маржан, ұлы Бекзат, қыздары - Гүлшат, Айгүл, қарындасы Ақбөпе, күйеу баласы Хасен, інісі Бауыржан, келіні Базаркүл, туған-туысқандары.

Еске алу

Меңдіқара ауданы Қаратал ауылының тумасы **МЕҢДІБАЕВ Аян Досымханұлы** 14 қаңтарда жол апатынан қаза тапты. Аяның дүниеден озғанына 26 ақпан күні 40 күн толады. Көзі тірі болғанда осы күні 42 жасқа толар еді. Туған-туысқандары Аянды еске алып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дейміз.

Аяның анасы Сабираның жоқтауы

Бисмиллә деп бастайын,
Үлкендер сөзін қостаймын.
Кешегі жүрген құлыным,
Жоқтамай қалай тастаймын.

Бір пайғамбар Нұқ дейді,
Аталы сөзді ұқ дейді
Кешегі жүрген Аяның,
Бүгінде бізге жоқ дейді.

Обал дейді көз жасы,
Жылама дейді молдасы.
Мен жылайын дегенім жоқ,
Жылатып қойған Алласы.


Өмірлік жарың Нұргүл,
Азбасын деп кімге айттың
Артында қалған бөбектер,
Тозбасын деп кімге айттың.

Қос кірпіш үй қос қалды-ау,
Орнын бір сенің бос қалды-ау
Артында қалған балаларың,
Қанаты қатпай жас қалды-ау.

Батаңды Құдай оңдасын,
Иманың болсын жолдасың.
Елеп-жебеу жатқайсың
Бала-шаға отбасың.

Суретің түр сөзің жоқ,
Кімнің түр өзін жоқ,
Дәп қырық бір жасында
Болмайды деген ой да жоқ.

Басыма салдым ақ жаулық,
Шетінен алдым бір баулық,
Артында қалған бала-шаға, бауырлар
Соларға берсін денсаулық.



Мурзабекова Айгүл Уралхановнаның сенімді тұлғасы Турбабин Илья Леонидович, кепілдік мүлкі соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Алешин ауылдық округінің аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған көлемі 46,6 га, кадастрлік номері 12-185-026-259, көлемі 4,0 га, кадастрлік номері 12-185-026-260 бөлінетін жер учаскесіне жер пайдалану(жалдау) құқығын сату жөнінен сауда өткізеді. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 11 наурыз сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Молодежное а. Өтінімдер 2015 жылғы 10 наурыз 18-00 сағатқа дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай қ., Амангелді көшесі, 125 үй, телефон-8-707-191-91-80

Доверенное лицо Мурзабековой Айгүл Уралхановны Турбабин Илья Леонидович в порядке внесудебной реализации залогаемого имущества, объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки, расположенные на территории Алешинского сельского округа, Меңдыкаринского района, Костанайской области, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства, кадастровый номер: 12-185-026-259, площадью 46,6 га, кадастровый номер 12-185-026-260, площадью 4,0 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 11 марта 2015 года в 10.00 часов по адресу: Меңдыкаринский район, село Молодежное. Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 10 марта 2015 года по месту нахождения доверенного лица: г. Костанай, ул. Амангельды, 125, телефон для справок- 8-707-191-91-80.

**«ҚОСТАНАЙ ТАҒЫ»
газетіне жарнама бергіңіз
келсе, мына телефондарға
хабарласыңыз:**

54-33-22, 54-99-69 (факс)

● ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

ЕҢБЕГІНЕ
ЕЛ СҮЙСІНГЕНҚымбат
ДОСЖАНОВА

Журналистика кәсіби жауапкершілігі мол, адалдықты, еңбекқорлық пен ізденісті талап ететін сала. Аталған мамандықтың иелері кейіпкердің жан-дүниесін зерттеп, беймәлім қырларын көпшілікке паш етеді. Қиыннан қиыстырып, қиядан жол табу журналистің шеберлігіне тән қасиет. Осы салада қырық жылдан астам еңбек етіп, көптің алғысына бөленген жанның бірі – қостанайлық Гүлжібек Бекмұхамедова. Жуырда облыс орталығындағы І.Омаров атындағы қазақ драма театрында оның шығармашылық кеші өтті.



шылары, ақын-жазушылар, кеш иесінің туыстары және автордың фильмдеріне арқау болған кейіпкерлердің ұрпақтары қатысты. Соның ішінде Кеңес Одағының Батыры Сейітхан Темірбаевтың қызы Майя, Сұлтан Баймағамбетовтың жиені Ермұхан, ҰОС-ның ардагері, Құрметті теміржолшы

Сайлаубек Ещанов облыс әкімінің құттықтау хатын табыстап, сый-сияпат жасады.

Гүлжібек Бекмұхамедованың еңбек жолында сұхбаттаспаған кейіпкері санаулы, ал қалам тартпаған тақырыбы жоқ шығар?! Ол кезінде Шыңғыс Айтматовпен де сұхбаттасқан. Г.Бәйекеқызының деректі фильмдерінен Отанға, туған жерге деген махаббат айқын сезіліп тұрады. Әсіресе, туған жердің батырларын насихаттауда асқан кәсібилігі байқалады. Бұл туралы "Костанайские новости" газетінің редакторы С.Харченконың сөйлеген сөзінде айтылды.

– Журналист әрқашан өзгелерге көмек беруге даяр тұратын адам. Сіз аталған саладағы еңбек жолыңызда адамдық болмысыңызды сақтап, мамандыққа деген адалдығыңызды дәлелдеп келесіз. Оған авторлық фильмдеріңіз дәлел. Сіздің ой-көкжиегіңіз, жан-дүниеңіз тереңде жатыр. Басқа әріптестерден ерекшелігіңіз де осында. Бұл кеш шығармашылығыңыздың жаңа бір белесіне жол ашар болсын! – деген С.Харченко кеш иесіне "Қазақстанның Құрметті журналисі" төсбелгісін табыстады.

Шығармашылық кеш барысында кейіпкердің еңбек жолы туралы жылы-жылы лебіздер айтылып, жергілікті өнерпаздар ән салып, күй тартты. Іс-шараның соңында Гүлжібек Бәйекеқызы көпшілік алдына шығып, жиналған қауымға алғысын білдірді.

СУРЕТТЕРДЕ: Шығармашылық көштен көріністер.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● КӨКЕЙДЕ ЖҮРГЕН ОЙ ЕДІ



Баяғыда қалааралық телефон байланысы қосынында жолымыз оңғарылмаса, жүйкеміз жұқарып кері оралатынбыз. Шүкір, қазір телефон байланысы қызметі жаңарған. Ұялы теле-

дың ғой. Нағыз оңбаған екенсің» деп сөгуден тартынбаған.

Рас, кейбір адамдар «Қателестіңіз. Нөміріңізге асықпай қараңыз» деп сыйылық танытады. Мұндайда кәдімгідей ішің жылиды.

Іргелес ауылдан хабарласқан нағашым Балмағанбетке кезіккен адамның қылығы, тіпті сорақы. «Ауызынан ақ ит кіріп, көк ит шыққан»: есің дұрыс па? Көрсөкырмысың? Өкеңнің ауызын...» деп өрекіген.

«Шешінген судан тайынбас» деген, телефон байланысы қызметі жайлы сөз қозғалған соң деректерді бүркемелегеніміз жараспас:

Телефон нөмірінен
жаңылған екен
Соған шамдануға
бола ма?

фоныңыз арқылы республикамыздың аумағынан тысқары жерлермен емін-еркін сөйлесесіз, іздеген адамыңызды оңай табасыз. Және қандай, жүзбе-жүз тілдескендей күй кешесіз.

Үйдегі телефонымызды қалай тұтынып жүрміз? Өрмен қарай осы тақырыптың төңірегін әңгіме өрбітпекпіз.

Анықтамалықтың ескіруіне, бірқатар мекемелер мен кәсіпорындардың аттары өзгеруіне байланысты тиісті орынға тура телефон соғу қиын. Амалсыздан анықтама бюросына көбірек жүгінесіз.

Мысалы, танысыңның үйіне телефон шалдың делік. Қапелімде келеңсіз жайға тап болуыңыз ғажап емес:

– ПМК-да біраз жыл бірге жұмыс істеген досым Бекмаханның үйіне телефон соққанмын. Келіншек алды да, тұтқаны тастай салды. Қойын дәптеріме досым жазған нөмірді қайыра тергенімде әлгі әйелдің айғайға басқаны. Бір сөзін түсінсем, бір сөзін түсінбеймін. «Неге өршеленіп телефон соғасың? Нөмірді күйеуім көрсе, шаңымды қағай, желкемнен түйгіштейді. Маған бітпейтін дау тауып бердің» деп бұрқылдады.

Кейінірек жолықсам, Бекмаханым «Пәтерімді мөлтек ауданға ауыстырғанмын» деп қарап тұр. Көкайыл әйелдің сыбағанын, сау басымның пәлеге шатылғанын айтқанмын.

«Мен де сондай оқиғаны басымнан өткергенмін. Былапыт сөздерін диктафонға қондырып, арыма тигенің үшін сотқа шағынамын» деп қорқытқанмын. Әйел тез райынан қайтып, аяғыма жығылды.

Түймедейді түйедей ғып дабырайтқан әйелді сен де осылай тәубесіне келтірмедің бе?

Одан бері едәуір уақыт өтті арада. Әйтсе де сол әйелдің бейнесі елестесе, әлі күнге дейін қан қысымым жоғары көтеріледі, – деді Бекмахан шекесін ысықылап.

Көпшілік жиналған ортада үлкен де, кіші де Елеуханның сөзіне жиі араласып, «Мұны қалай? Сабыр сақтамадыңыз ба?» деп жөнсіз ісін құптай қоймады.

Сөйтсе, ол сақалын қырада немесе ас ішерде біреу телефон соқса, «Басқа уақыт таппадың ба? Мұрынымыздан шаншылып жатқанда мазамды қашыр-

Қайсыбір басшылар орын-тағында жантайған қалпы сағат бойы желіні босатпайды. Тым ұзақ сөйлесу себебі жолдастары «Одан-бұдан жиналған өсегін көлденең сөзге үйір құрбысына тамсандырып баяндағанша дегбірі қашады» деп түсіндіреді. Сонда деймін-ау, қызмет бабын асыра пайдаланып, қабылдау бөлмесінде кезегін тосқан адамдарды көзіне ілмегені ме, мемлекет қаржысының сұрауы барын ойламағаны ма?!

Аппаратты қондырғысынан қозғауға ерінетіндер де баршылық. Олай дейтінім, замандасымның үйіне хабарласқанымда баласы микрофоннан «Папа, тағы да үйде жоқ дейін бе?» деді тақылдап. Шамасы, әр жағынан әкесі түсін суытса керек, іле үнсіздік орнады.

Кішкентайынан өтірікке еті үйренген жасөспірімнің ертең суайтқа айналмасына кім кепіл?!

– Балдызым дүниеден озғалы Арқалық қаласындағы келінім Айғаным қыдырыстан босамайды. Міне, алты жылдан асты, сөйлесуді мүлде қартарым, – деп мұңын шақты Қосылған қатты. – Күндердің күні келімінің сөзін «Үйдемін» деп бастап амандығымды тәттіштеп сұрағаны. Жолымның үлкендігімен санасып, алдымен телефон шалғанына қатты қуандым. Оқиғадан хабардар, заманауи техниканың тіліне жүйрік немерем «Мақтануыңа әлі ерте, ата. Жеңгіміздің көшеде жүріп те ұялы телефоннан «Үйдемін» дей салуы мүмкін» деп әліптің артын бағуымды ескерткені.

Ақыры болжамы шындықпен үндесті. Яғни, келінім ұялы телефоннан «Үйдемін» деп айланыс асырған.

Қалай десек те, телефонмен сөйлесудің өзіндік мәдениеті бар. Бұралқы сөздің тіршілік тауқыметінен титықтаған кісінің жанын жаралуы ықтимал. Есесіне, жылы сөйлесен, ыңғайыңа көшіп, ағынан ақтарылары анық.

Ендеше сағынған бауырымыздың дауысын естіріп, мауқымызды басатын, жағымды жаңалықтарымен қуанышқа бөлеп, көңіл құсымызды аспанға шарықтататын телефон байланысы қызметін бағалай білейік, ағайын.

Жақсылық ЖҮНІСҰЛЫ, баспасөз ардагері.

Меншік иесі:

**“Қостанай тағы” газеті
редакциясы” ЖШС**

**Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Шығарушы редактор: 54-63-14
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Фототілшілер: 54-73-36
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-39-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 5-57-60
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның

мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Ұш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданады. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
(А) – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11280. Тапсырыс 392.

Нөмірдің кезекші редакторы: Н.МЕШТБАЕВ.